

*Адамға екі нәрсе тірек тегі:  
Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі.*  
**Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.**

# **ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ**

«Білім және  
Ғылым»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
республикалық  
ғылыми -  
педагогикалық  
журналы

*Казахский язык и литература  
в русской школе*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың  
қаңтар айынан  
бастап шығады

**12/2014 ЖЕЛТОҚСАН**

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ

---

---

## **АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМИРОВ, Берікжан  
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза  
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,  
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга  
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлпәш  
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

**МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ**

<b>Қарлыға АБДРАХМАНОВА, Айжан САҒЫМОВА.</b>	<b>Ғылыми ойлар отауы</b> Технологиялық университет студенттеріне тіл үйретуде қатысымдық құзыреттілікті қалыптастырудың жолдары.....3
<b>Алма ДАНИКОВА.</b>	<b>Мұғалімдерге көмек</b> Ғылыми-шығармашылық, зерттеушілік ізденісті қалыптастыру жолдары.....11
<b>Гүлшат МОЛДАҒАЛИЕВА.</b>	Сыныпта ынтамақтастық атмосферасын қалыптастырудың маңызы.....27
<b>Гүлбану ЖҮНІСОВА.</b>	Оқушыларды ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындаудың кейбір мәселелері.....33
<b>Айжан ТОҚСАМБАЕВА.</b>	Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ ғалымы әрі ұстаз.....38
<b>Сара ЖҮРБАЕВА.</b>	Диалогтың үлгісі.....44
<b>Фатима АШИРОВА.</b>	<b>В мире педагогики</b> Учитель XXI века.....47
<b>Әйгерім КЕШУБАЕВА. Әсемгүл ЕРМАҒАНБЕТОВА. Бақытгүл ЖҰМАБАЕВА.</b>	<b>Қазақстан Тәуелсіздігі – қасиетті туымыз</b> Біздің Ту.....51 Қазақстан – туған елім.....57 Тәуелсіз Қазақстан жетістіктері.....60
<b>Қорлығайын ХАМЗИНА. Гүлсина ЖАНКАРИНА.</b>	<b>Білім негізі – бастауышта</b> Сөмкенде не бар?.....69 Спорт түрлері.....72
<b>Роза ОТАРБАЕВА. Роза МАХАМБЕТОВА.</b>	<b>Бір тақырыпқа – екі мақала</b> Қазақ дастарқаны.....77 Қазақ дастарқаны.....85
<b>Гүлзада БАЙТЕМІРОВА. Айнұр СУРАУОВА. Баккүл КӨРПЕБАЕВА. Айсұлу СӘРСЕНБАЕВА. Индира БАЙСАРИЕВА. Ақерке СЫЗДАҒАЛИНА. Гүлшат МЫРЗАХАТОВА.</b>	<b>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</b> Қазақ сазгерлері.....89 Адал дос.....94 Өз мектебім.....98 Қазақ халқының салт-дәстүрлері.....104 Біздің мектеп.....109 Менің отбасым.....114 Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы.....118 Өзім туралы.....122 Бердібек Сокпақбаев. «Менің атым Қожа».....126
<b>Ақжанат НАҚЫПОВА. Айнұр ІЛЫТАЕВА.</b>	<b>Сыныптан тыс шара</b> Ана тілің – арың бұл.....132 Наурыз аруы.....138
<b>Майра ЕЛІКБАЕВА. Жанат МАҒЗҰМОВА.</b>	

**Қарлыға АБДРАХМАНОВА,  
Айжан САҒЫМОВА,  
Алматы технологиялық  
университетінің  
аға оқытушылары.**

**ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТ  
СТУДЕНТТЕРІНЕ ТІЛ ҮЙРЕТУДЕ  
ҚАТЫСЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

Бүкіл дүниежүзілік білім кеңістігіне кіру мақсатында өркениетті елдердегі көтеріліп отырған басты мәселе – өз мамандығын жете білетін жоғары білікті, бәсекеге қабілетті, мемлекеттік тілде еркін сөйлейтін құзырлы мамандар дайындау. Қазіргі заманғы озық әдістемелерде «құзырлылық», «құзыреттілік» терминіне көп мән беріліп жатыр.

Мемлекеттік тіл – қазақ тілі – халқымыздың рухани, мәдени бірлігінің көзі. Тіл – тек қатынас құралы емес, халқымыздың бай тәжірибесі жинақталған асыл мұрасы. Сондықтан қазақ тілі халқымыздың өмірі, тарихы, мәдениеті, әдебиеті, шежіресі, тұтастыққа, ынтымаққа біріктіретін құралы болып саналады. Тіл үйрету барысында құзыреттерді қалыптастыруды

іске асыру – басты міндеттердің бірі болып саналады.

Құзыреттілік – латын сөзі (comfetens) қабілетті болу, тән, ие болу; а) білім, білік дағдыларының үйлесуі, дәл келуі, тиісті болуы. Пәндік құзыретті құрайтын негіз – теориялық білім және лексикалық білім. Оған лингвистикалық, ғылыми, кәсіби білімдер жатады./1/

Құзыреттіліктер: үйрену (проблемаларды білу, шешу, өз бетінше оқып білу, өз білімдерінің өзара байланыстылығын ұйымдастыра біліп, белгілі бір жүйеге түсіру); іздеу (әр түрлі бағытта іздеу, жинақтау), т.б.

Құзыреттілікке байланысты мәселелер Е.И.Пассов, М.М.Бахтин, А.Болатов, В.В.Краевский, В.В.Сериков, О.С.Таизова, В.И.Воскресенский, А.В.Макаров, А.В.Хуторский еңбектерінде жан-жақты зерттелді. Әдістеме саласында құзыреттіліктің бірнеше түрлері қолданылады. Олар: ақпараттық, қатысымдық, танымдық, лингвистикалық, семантикалық, тілдік, прагматикалық, фонетикалық. Жаһандану көшіне қарай аяқ басқан осынау кезеңде тіл үйретуде студенттердің қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру – басты мәселелердің бірі болып саналады. Осы тұрғыда М.М.Бахтин «Адам мен адамның бір-бірімен араласу, өзара қарым-қатынасында ғана адамның адамдығы өзі үшін де, өзгелер үшін де ашылады», - деген. /2/

Қазақ тілін оқытуда білім беру жүйесінің нәтижелік моделін құрудың негізгі шарттарының бірі – тілдің басты табиғи қызметін қарым-қатынас

құралы ретінде қолдану. Ол үшін студенттің тіл үйренуге, дүниетануға, білім мен ғылымды меңгеруге ынтасын арттыратын әдіс-тәсілдерді қолдануды оқытушы шеберлікпен ойластыруы қажет. Тіл үйрету кезінде оқытушы студенттердің қатысымдық қызығушылығын арттыруға арналған жұмыс түрлерін орындату арқылы жүйелі біліммен қаруландыруға, шығармашылықпен ойлауды дамытуға, ғылыми дүниетанымын кеңейтуге қол жеткізді.

Қатысымның және білімнің шындығының негізгі көрінісі мен басты шарты тәжірибелік іс-әрекетке негізделеді. Осыған сәйкес тіл үйрену әрекеті қатысымдық әрекетке ұласады.

Қатысымдық әрекеттің негізіне студенттің білімге деген белсенді ой-әрекеті және қатысымдық қажеттілігі жатады. Студенттің тіл үйренуіне қажетті нәрселердің бірі – қатысымдық әрекеттердің қалыптасуы. Қатысымдық әрекеттердің іске асырылуы негізінде қатысымдық құзыреттілік жүзеге асырылады. Олардың қатысымдық әрекетінің құрылымы: қатысымдық қызығушылықтан, қатысымдық белсенділіктен, қатысымдық ізденімпаздықтан тұрады. Студенттердің қатысымдық әрекеттерін іске асыруда мына әдістемелік жұмыстар атқарылады: түрлі қатысымдық ойындар, әдістемелік жұмыстардың әр түрлілігі, зерттеу әдістері, практикалық жұмыстар, оқыту түрлері, тиісті түпнұсқа әдебиеттерді түсініп оқу, т.б. Қатысымдық әрекет – студенттің білімге деген өте белсенді әрекеті. Тіл үйрену барысында қатысымдық әрекет

негізінде студенттерде қатысымдық белсенділік, ізденімпаздық, танып-білуге құштарлық, т.б. сезімдер қалыптасады. Қатысымдық әрекеттерді белсендіру мәселелерімен Ф.Ш.Оразбаева, В.Г.Костомаров, Е.И.Пассов, Д.И.Изаренков, Т.А.Печенцова, Г.К.Селевко, А.А.Чингизова, П.И.Гальперин, А.Н.Леонтьев, М.М.Биназарова сияқты ғалымдар айналысып келеді. Қатысымдық әрекеттерді дамыту мәселелері тек қана дидактикалық емес, ол әлеуметтік, жалпы мемлекеттік мәселелерге ие болып отыр. Ғылымның, өндірістің, техниканың барлық салаларында түрлі маңызды мәселелерді шешуде өз бетінше шешім қабылдай және белсенділік көрсете алатын, ойлы, ақылды, жан-жақты мамандар қажеттілігі – заман талабы болып отыр. Сондықтан студенттің қатысымдық әрекеттерін оқу-білім қасиеттерінің жиынтығы деп қарастыруымыз керек. Ол ізденімпаздық, білімпаздық, қатысымдық қызығушылықты қанағаттандыруға ұмтылушылық, көңіл-күйді көтеруге бағытталған тынымсыз алға қадам басушылық сияқты қасиеттердің басын біріктіретін нәрсе болып есептеледі.

Студенттердің қатысымдық әрекеті арқылы олардың белсенділігін, ізденімпаздығын, қызығушылығын, шығармашылықпен жұмыс істеу мүмкіндігін дамытуға болады. Осы орайда тілдік құрылымды былайша талдауға болады: қатысымдық қызығушылық, қатысымдық белсенділік, қатысымдық ізденімпаздық және шығармашылық әрекет.

Қатысымдық әрекеттерді сабақ барысында іске асыруда қызығушылық туғызатын әдіс-тәсілдердің ішінде ерекшеленетіндері – видеофильмдер, ойын түрлері, көрнекі құралдар, компьютер, ұнтаспалар, т.б.

Қатысымдық әрекеттердің негізін құрайтындардың бірі – қатысымдық қызығушылық. Оған жаңа фактілер мен құбылыстарға қызығушылық, ізденімпаздық жатады. Қатысымдық ізденімпаздықтың негізіне жататындар: нысандармен, құбылыстармен, түрлі ғылыми жаңалықтармен тереңірек танысуға қызығушылық және өзіндік пікірінің болуы, іс-әрекетті дербес жүргізе білуі және өзіндік жұмыстарды жеке ұйымдастыруы мен қол жеткен нәтижелерді болжауы.

Ғалымдар В.А.Пятин, Е.В.Гребенюк, Н.Н.Лобанова оқыту әдістемесінде танымдық ізденімпаздыққа көп мән беріп, құнды пікірлер айтқан, олар қатысымдық құзыреттілікті атқаратын қызметтің көптүрлілігі, жылдамдықты қажет ететін ойлауға икемділік, ақпараттық және интеллектуалдық мәдениет, терең кәсіби білім, нақты жағдайларға бейімделе алу, берік және позитивті қарым-қатынас орната білу деп түсінеді. Әдістердің ішіндегі қатысымдық әдіс – тыңдаушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын бірден-бір тиімді әдіс. Коммуникация – қатысым ұғымы ақпаратты тарату ұғымын білдіреді. Қатысым оқытушы мен студент арасындағы тұлғааралық тілдесуі мен

құзыреттіліктің құрамды бөлігі деп жан-жақты қарастырылады.

Тұрақты қатысымдық қызығушылықты қалыптастыруда негізгі орындалатын жұмыстардың ішінен мыналарды атауға болады: шығармашылық қызмет, зерттеу жұмыстары, атакты адамдармен кездесулер, пікірсайыстар, пікірлесімдер, сұхбаттар, реферат, баяндама, эссе, тезис жазу, т.б.

Сондай-ақ қатысымдық жаттығулардың да өзіндік орны барын ескеруіміз керек. «Педагогикалық энциклопедияда» жаттығулар «планомерно организованное повторно выполняемое действие (устное и письменное) с целью овладения им или повышения его качества» деп анықталған. Ал ғалым Р.Г.Лемберг: «Жаттығулар білікті ғана қалыптастыратын құрал емес, олар білім мен білікті бірге бекітетін құрал» дейді.

Сабақта қатысымдық қызығушылықтың қалыптасуына көптеген әдіс-тәсілдерді қолданып, студенттердің өздерінің ой-пікірлерін, қорытындыларын қазақ тілінде емін-еркін жеткізуге болады. Қатысымдық қызығушылықтың негізгі қайнар көзі – оқу материалдарының мазмұны болып табылады. Сонымен қатар қатысымдық қызығушылықтың қайнар көздеріне мыналар жатады: ғылыми жаңалықтар, тарихи оқиғалар, практикалық маңыздылық, әдет-ғұрыптық құндылықтар, мәдениет пен өнер қайраткерлері, тарихи тұлғалар өмірі мен қызметтері, кәсіби мамандығы бойынша әдебиеттер, оқу құралдарымен қамтамасыз етілгендік, т.б.

Студент университет қабырғасында оқып жүрген кезден бастап өз білімін көтеріп, болашақ кәсіптік еңбегіне дайындық жасауы қажет. Ол оның қатысымдық әрекеттерін іске асыруымен де байланысты. Студенттің өз бетінше білімін көтеруі белгілі бір жоспарлы түрде іске асырылса, нәтижелі болатыны мәлім. Студент қоғамдық, ғылыми-технологиялық, мәдени, әдеби ақпараттармен өз бетінше жұмыс істеп, өзіне қажетті материалдарды жинақтай білуге, оны көңіліне тоқып, өмірде керегіне жаратуға ыңғайлануы тиіс. Осы жоғарыда аталғандардың студент жадында ұзақ сақталып, іске асырылуына оқытушы бағыт-бағдар беріп, оның ізденімпаздығына көмектесуі қажет.

Осы әрекеттердің бәрін түрлі әдістерді қолданып, оларды практикада жүзеге асыру арқылы сабақ барысында болашақ технологтардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырамыз. Студенттердің қатысымдық мүмкіндіктерінің өсуіне байланысты сөйлеу дағдылары мен біліктерін жетілдіруге бағытталған қолайлы жағдайлар туады. Болашақ технологтардың тіл үйрену барысында қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру үшін лингвистикалық, дидактикалық, әдістемелік әдебиеттерге талдау жасау негізінде мәтін ішіндегі негізгі ойды, тірек сөзді, мамандыққа қатысты кәсіби терминді, сөз тіркестерін таба білу, оның мағынасын ашу, олармен өз бетінше сөз тіркестері мен сөйлем құрастыру, мәтіннің мағыналық бөліктеріне ат қою, мәтінді

әрі қарай өз ойымен жалғастырып, өзіндік пікір айту, мәтінді қосымша материалдарды пайдаланып толықтыру қажет.

Жоғарыда айтылған біліктерді дамыту үшін сабақ сайын түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, қызықты оқу материалдарын пайдаланып, түрлі жаттығу жұмыстарын жүргізуге болады. Бұл біліктер қалыптасқан кезде студенттердің білімдерін жан-жақты тереңдетуге, білімге құштарлығын оятуға, оқу материалының мазмұнын кеңейтуге және оны кәсіптік мамандықтарымен байланыстыруға мүмкіндіктер туады. Осылайша біліктерді дамыту және оқу материалының құндылықтарын арттыру, қатысымдық әрекеттерді іске асыру арқылы қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыруға қол жеткізуге болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақ совет энциклопедиясы. 10 т. А., 1977, 547-б.
2. М.М.Бахтин. К философии поступка. Философия и социология науки. Ежегодник. Москва, 1986.
3. Я.А.Коменский. Избр. пед. соч. в 2-х т.
4. И.Я.Лернер. Дидактические основы методов обучения. М., 1982.

#### Мұғалімдерге көмек

Алма ДАНИКОВА,  
Шығыс Қазақстан облысының  
Риддер қаласындағы  
«Экономикалық мектеп-лицей»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## **ҒЫЛЫМИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ, ЗЕРТТЕУШІЛІК ІЗДЕНІСТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**


*«Балаға өз бетімен зерттеуге  
мүмкіндік тугызған сайын  
одан әрі жақсы оқи түседі».*

*Питер Клайн.*

Осы адамзаттағы ең озат технологиялар, ғылыми жаңалықтар мен жетістіктер адам перзентінің өмірге қызығушылығынан, зерделілігінен, білімпаздығынан басталады. Орыстың ғалымы А.И.Савенков өзінің «Одаренный ребенок в массовой школе» деген еңбегінде (1) былай деген: «... можно утверждать, что для развития творческих способностей ребенка нужно не только предлагать послушно проглатывать и усваивать приготовленные кем-то порции знаний, но и учить добывать знания самостоятельно в ходе настоящего, творческого, исследовательского

поиска». Яғни, оқушылардың ғылыми-шығармашылық қабілеттерін арттыру жолында, мұғалімге оқушысын өз бетінше жұмыс істеп, білім алуға үйрету керек. Әрине, бұл жұмысты жүйелі түрде құрастырып, бағдарлы жүргізген жөн.

Оқушының ғылыми-шығармашылық, зерттеушілік ізденісін қалыптастыруда мұғалімнің жұмысының моделі былай көрінеді:



Жоғарыда келтірілген сызбадан айқын көрініп тұр, мұғалімнің бұл жұмысындағы ең алғашқы адымы – оқушының зерттеушілік ізденіс қабілеттерін қалыптастыруы, ал келесі адымдары – оқушының біліктілік-ғылыми және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруы.

Сөйтіп мұғалімнің оқушылардың ғылыми-шығармашылық, зерттеушілік ізденісін қалыптастыру жұмысы үш кезеңді болып шығады.

1. Оқушының зерттеушілік ізденіс дағдыларын қалыптастыру.

2. Біліктілік-ғылыми қабілеттерін қалыптастыру.

3. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.

I кезең: Оқушының зерттеушілік ізденіс қабілеттерін қалыптастыруы.

Ал, енді, I кезеңге тоқталсақ, мұғалімнің жұмысының құрылымы тағы да үш адымды болуы тиіс.



*1. Дарынды балаларды тану:*

Көбінесе “дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы” деген пікір қалыптасқан. Белгілі ағылшын психологі П.Торранстың зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында жиі кездесетінін анықтады. Оларға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек

оқушылар ұнамайды. П.Торранстың зерттеулері нақ осы қасиеттер оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететін және оның нашар оқитын оқушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған.

Сол жөнінде де ұлы ойшыл Плутарх кезінде былай депті: “...Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлай алмай, тұлпарды есекке айналдырып құртып тынады”. Демек, дарынды баланы анықтау жұмысы оңай емес болып шығады, сол себепті оны ғылыми тұрғыдан жүргізген жөн.

Қазіргі уақытта дарынды баланы диагностика мәселесіне көптеген ғалымдар, психологтар өз көңілдерін бөледі. Бұл жөнінде мен У.Б.Жексенбаеваның «Диагностика одаренности детей» еңбегіне жүгінемін. У.Б.Жексенбаева бойынша дарынды баланы анықтау әдіс-тәсілдері сан алуан және әр түрлі. Олардың барлығын қолдану мұғалімге өте күрделі, сонымен бірге көп уақыт алады. Дегенмен оларды да зерттесек, бізге, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі ретінде ең қолайлы тәсілдерді іріктеп, пайдалануға болады.

Мысалы:

1. «Баланың жалпы дарындылығын анықтау» әдісі.

Бұл кестенің бірінші бағанасында дарынды балаларға сай қабілеттер көрсетілген. Ал екінші

бағанада бұл қасиеттер оқушының бойында бар болуын, бар болса қандай дәрежеде дамығанын, немесе жоқ болғанын алдымен оқушының өзі бағалайды, содан кейін оны оқытатын мұғалімдер мен ата-аналар бағалайды.

Сөйтіп қарастырылатын қабілеттіліктер:

№	Қабілеттілік	Баға		
		Оқушы өзі қояды	Оны оқытатын мұғалімдер	Ата-анасы
1.	Білімпаздық.			
2.	Проблемалық жай-күйін көре сала анықтай білу.			
3.	Болжам жасай білу қасиеті.			
4.	Сөздік қоры.			
5.	Бағалай білу.			
6.	Қисынды ойлау және пайымдау.			
7.	Табандылық, өжеттілік.			
8.	Өнертанушылық.			
10.	Перфекционизм (Өз жұмысының нәтижесі жоғары талаптарға сай болуына ынталану).			

Бағалау «5» ұпайлық жүйеде жүргізіледі.

«5» - бұл қасиет жақсы дамыған.

«4» - бұл қасиет жеткілікті дамыған, бірақ кей кезде көрінбейді.

«3» - бұл қасиет және оған теріс қасиет тең дәрежеде дамыған.

«2» - бұл қасиетке теріс қасиет көбірек дамыған.



«1» - теріс қасиет жақсы дамыған.

«0» - бұл қасиетті бағалай алмаймын.

2. Джонстың «Оқушының жаңашылдық (креативтік) қабілеттілігін анықтау сауалнамасы».

3. Оқушының мінездемесін үлгі бойынша жасау (Бұл мінездемеде баланың оқу ынтасын, шығармашылық, көшбасшылық қабілеттерін бағалайсыздар). Бұл жұмыс та сауалнама әдісімен өткізіледі.

4. «Турникет ұстанымы». Бұл баланың дарындылығын анықтау моделінің авторлары - американдық ғалымдар Дж.Рензулли, С.Рис пен Л.Смит. Осы ғалымдар оқушының дарындылығын анықтау үдерісі бір реттік болмауы керек дейді. Оның негізгі идеясы – дарынды баланы сырттай, белгілі бір ұзақ мерзім бойы бақылауында. Бұл дарынды балаларды таңдау жүйесі жалпылай мектептерде жұмыс істеу үшін құрылған. Дарынды оқушылар арнайы бағдарламалар бойынша оқытылады. Сабақтарын арнайы дайындалған педагог-технологтар жүргізеді. Әр оқушы өз қалауы бойынша, бұл бағдарламаға оқу жылының кез келген уақытында кіре алады да, өз жетістіктеріне байланысты бағдарламадан шыға алады. Баланың жұмысы дәстүрлі ұпайлық жүйемен бағаланады, сонымен бірге баланың жақсы қасиеттері туралы мәліметтер жинастырылады. Бақылау нәтижесінде әр бала бойынша «Оқушы туралы мәліметтер порт-фелі» толтырылады.

Міне, дарынды баланы анықтау үшін осындай және тағы да басқа әдіс-тәсілдер қолданылады.

А.И.Савенков бойынша баланың танымпаздығының дамуы үш адымды болады:

«Таңырқаушылық → білімпаздық → білім алу қажеттілігі» (1.29-бет)

Бұл баспалдақтың алғашқы сатысында барлық дарынды да дарынсыз балалар болады екен. «Жаңаны тану қабілеттілігі» әр сау балаға тиісті екен. Бұл таңырқаушылық қасиет біртіндеп білімпаздыққа айналады. Оқушының білімпаздық қасиетінің дамуы жұмыстан жақсы әсер алуымен тығыз байланысты болуы қажет. Осы шарт орындалған жағдайда балада тұрақты психикалық білім алу қажеттілігі қалыптасады. Сондықтан, дарынды баланы тәрбиелеу барысында таңырқаушылықты керек кезде білімпаздыққа айналдыру өте маңызды.

Дарынды балаларды анықтау бастауыш сыныптардан басталуы тиіс. Бұл жұмыс баланы сыртынан бақылау негізінде жүргізіледі. Бұл жайында оның психологиялық қабілеттері, есте сақтау дағдысының дамуы, тілдің дамуы, логикалық ойлау қасиеттері зерттеледі. Дарынды балаларды іздеу, олармен жұмыс істеу – мұғалім жұмысының төңірегінде маңыздылардың бірі болуы керек. Сонымен бірге дарынды балалармен жұмыс істеу барысында келесі ұстанымдар бастапқы болуы қажет:

1. Тұлғаны дамыту үшін барынша әр түрлі мүмкіндіктерді жасау ұстанымы.

2. Онымен сабақтан тыс жұмысын көбірек жүргізу ұстанымы.

3. Сараптап және жекешелендіріп оқыту ұстанымы.

4. Оқушының мұғаліммен бірге жұмыс істеуі үшін мүмкіндіктерін жасау ұстанымы. (Ескерту: мұғалім оқушысының өзіндік жұмысын тексеріп, бағыттап, көмектесіп қана отырады)

Дарындылықты немесе ерекше қабілеттілікті балалық шақта жалпы тұрғыдан қарастырған жөн. Ал уақыт өтісімен, тұлғаның есеюімен бұл қабілет өзінің арнаулы қырларын көрсетеді, пәндік дәрежеге, мазмұнға ие болады.

II адым: Оқушының жеке тұлғасының мониторингін құру.

Мониторинг жұмысын мұғаліммен дарынды оқушының жұмыс жасау барысында жоспарлы түрде жүргізген жөн. Мысалы: Қалиқанов Азаматпен ғылыми жоба бойынша жұмыс барысында астында берілген кестені толтырып жүргізу қолайлы деп санаймын.

Оқушының аты жөні Қалиқанов Азамат Сынып 10 «Б» Қандай шараға (байқауға және т.б.) дайындалып жүр Ғылыми оқуларға Шараның өткізілетін мерзімі сәуір 2013 жыл

Кестенің бірінші бағанасында жоба бойынша баланы неге үйрету керек, оның қандай дағдыларын,

қабілеттерін дамыту керек екендігі көрсетілген. Ал басқа бағаналарында орындалу мерзімі және бұл қасиетінің қай деңгейінде дамығаны көрсетіледі. Осылай оқушылардың даму мониторингі жүргізіледі.

Шараның түрі (ғылыми оқулар)	I тоқсан			II тоқсан			III тоқсан			IV тоқсан		
	Мерзімі	Орындалуы	Оқушының қабілеттілігінің даму деңгейін бағалау	Мерзімі	Орындалуы	Оқушының қабілеттілігінің даму деңгейін бағалау	Мерзімі	Орындалуы	Оқушының қабілеттілігінің даму деңгейін бағалау	Мерзімі	Орындалуы	Оқушының қабілеттілігінің даму деңгейін бағалау
Жобаның тақырыбын анықтауға үйрету.	1.09	10.09	4									
Жобаның шешу жолдарын табуға үйрету.	10-20.09	21.09	5									
Материалдарды табу, іріктеу, зерттеу қабілеттерін дамыту.		22.09 – 3.11	4									
Жобаның мәтінін құрастыруға үйрету.				4.11-10.12	12.12-10.12	5						

Презентациясын, көрнекілік материалдарын дайындауға үйрету.								5.01-15.01	16.01	5			
Оқушының жобаны ұсыну, қорғау қабілеттерін өсіру.											17.01-7.04		

Кесте бойынша жыл бойы жұмыс жасап, оқушының жеке тұлғасының дамуын бақылаймыз.


III адым: Оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіруді жүзеге асыру.

Оқушының жеке тұлғасының мониторингін құрап алып, оны жүзеге асыру барысында мұғалім оқушының шығармашылық қабілеттерін және біліктілік – ғылыми ізденіс дағдыларын қалыптастырады. Ал, енді, бұл жұмыстың жүзеге асыру жолдарын анықтасақ, оның сызбасы төменде келтірілген.



Оқушының шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру жөнінде, алдымен Д.Элькониннің шығармашылық жайында берілген анықтамасына тоқтағым келеді: «Шығармашылық – бұл ерекше тұрғыдағы жасампаздық, жаңадан жасалған нәрсе, бұрынғы нәрселердің механикалық қайталануы емес, өзінің сонылығымен, біртумалығымен ерекшеленетін болса, өзін-өзі куәландыратын, дәлелдейтін болса, онда бұл нәрсені туғызған шығармашылық акт туралы сөз қозғауға болады».

Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің құрастыру моделі келесі болып шығады:



Әрине, оқушының шығармашылығын арттыру жұмысы жүйелі, күнделікті, әр түрлі және баланы қызықтыратын формаларында болуға тиіс. Мысалы мен қазақ тілі сабақтарында өзге ұлт оқушыларының сөйлеу, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында, белгілі мәтін бойынша жұмыс істеу барысында мынадай әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданамын. (Ескерту: алдымен бұл мәтін бойынша сөздік жұмысы жүргізіледі, мәтінді оқушыға аудартқызу жұмысы міндетті түрде өткізіледі).

Олар мыналар: 1. Белгілі мақал негізінде әңгіме жазғызу. Мысалы: Еленаға «Ас атасы – нан» мақалы бойынша шағын мәтін құрастыр деп тапсырма беріледі. Әрине, мен Еленамен алдымен сөздік жұмысын жүргіземін. Септіктерді сауатты қолданып, етістіктердің керекті шақтарын қолдану біліктілігін дамыту бойынша, сөйлемдерді құрастыру бойынша жұмыс істеймін. Бұл жұмыстың нәтижесінде Еленаның құрастырған мәтіні осындай болды:

«Ас атасы – нан» деп халық бекер айтпайды, өйткені нансыз адам өмір сүре алмайды. Нанды дастарқанға қою үшін адамдар көп еңбектенеді. Егін егеді, оны өсіреді, жинайды. Жиналған астықты элеваторларға әкеледі. Нан үстелге келгенге дейін наубайшылар, аспаздар көп жұмыс істейді. Сондықтан нанды қастерлеу керек. Ол астың – атасы».

2. Қияли талдау. Мысалы: «Сен теңізден алтын балық аулап алдың. Ол сенен «Нені қалайсың?» деп сұрайды. Алтын балыққа жауап бер. Осы сұраққа

жауап беру үшін оқушыға алдымен қалау райын қолдануды үйретемін.

3. «Шығармашылық өзгерту әдісі»: Оқушыға белгілі бір затты зерттеуге ұсынады. Бұл зат бойынша бірнеше сұрақтар қойылады. Мысалы:

- Бұл затты басқаша қалай қолдануға болады?
- Оны қалай өзгертуге болады?
- Бұл зат неге (немесе кімге) ұқсайды?
- Бұл затты қалай жетілдіруге болады?

Мысалы «еттартқышты» оқушылар кеспе жасайтын машина ретінде қолдануға болады деп тапты. Әрине, өзге тілді оқушыларға өз ойларын қазақ тілінде айтып беру өте қиын. Сол себепті бұл әдісті қолдану үшін алдымен оқушының сөздік қорын байытып, жалғауларды, шақтарды, райларды қолдануға үйретіп, сөйлемдегі сөз тәртібін сақтап, сөйлемдерді құрастыру дағдыларын дамытқан жөн.

4. Берілген сюжеттік суреттер бойынша әңгіме, ертегі құрастырту.

5. Мәтін, ертегіні, әңгімені өз ойларымен аяқтау. Мысалы: Аян жолдасымен өзеннің жағалауында шаңғы теуіп жүрген екен. Кенет, өзен жақтан көмекке шақырып жатқан баланың дауысын естиді. Қараса, өзенге бір бала батып бара жатыр екен.

- Аян не істеді?

Бұл мәтінді бір-екі бала былай деп аяқтады.

- Аян жүгіріп барып үлкендерді шақырды. Жан-жақтан көмекке адамдар да келді. Олардың көмегімен баланы судан шығарып алды.

Аянның елгезектігіне баланың ата-анасы риза болды.

- Аян ойланбастан өзенге қарай жүгірді де, мұз үстіне жатып, шаңғының бір таяғын суға батып жатқан балаға тартып, жағалауға шығарып, өлімнен құтқарды. Баланың ата-анасы Аянның ерлік ісіне өте риза болды.

6. Табиғат құбылыстарына, заттарға сөзжұмбақ құрастыру.

7. Әңгімелерді салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу.

8. Шығарма, мәтін құрастыру.

9. Көлемі ұзақ шығармаларды жоспар құру арқылы қысқартып әңгімелету.

10. Кейіпкерлерге мінездеме бергізу.

11. Шығарма бойынша сурет салғызу, ауызша суреттеу, қиялдау арқылы суреттеу.

12. Рөлге бөліп оқыту, рөлдік ойындарды жүргізу.

13. Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешкізу (анаграмма, сөзжұмбақ, ребус, құрастырмалы ойындар, т.б.)


14. Қайталау сабақтарында оқыған мәтіндері бойынша өз беттерінше тест тапсырмаларын құрастыру.

15. Шығарма ретінде жаздыруға, оқытылып отырған шығармалардың авторлары туралы толық мағлұмат жинап, реферат жазғызуға болады. Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу оқушыларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы

қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді.

Шығармашылық тапсырма түрлерін сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне, психологиялық таралым, шығармашылық қабілетінің даралығына қарап, әр сынып бойынша әрі қарай жалғастыра беруге болады.

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра түсу үшін шығармашылық қабілеттерін сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытқан жөн. Мақсат-міндеттерді қойды.



Дарынды баламен жұмыс істеу барысында баланы пәндік олимпиадаларға, зияткерлік марафондарға, әр түрлі жарыстар мен викториналарға, рөлдік ойындарға қатыстыру өте маңызды.

Сөзсіз, бұл жұмыс оңай емес. О.Бальзактың “ұдайы еңбек ету – өнердің де, өмірдің де заңы” дегеніндей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін арттыруда мұғалімге үнемі ізденуді, тұрақты еңбек етуді міндеттейді.

#### **Пайдаланылған әдебиетер:**

1. Дарынды тану және оқыту мәселелері. Қазақстан мектебі. 2002, №1-2, 23-26-б.
2. А.И.Савенков. Одаренный ребенок в массовой школе. Библиотека журнала «Директор школы», Выпуск №1, 2001.
3. Қ.Жарықбаев. Қабілет туралы түсінік. Психология. А., 1982.
4. А.Тұрғынбаева. Дамыта оқыту технологиялары. А., 2000.
5. Ю.Д.Бабаева. Динамическая теория одаренности. Основные современные концепции творчества и одаренности. М., 1997.
6. Г.В.Бурменской, В.М.Слуцкого. Одаренные дети. Под ред. М., 1991.
7. У.Б.Жексенбаева. Диагностика одаренности детей. Изд. «Радиал». Астана, 2005.
8. У.Б.Жексенбаева. Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. Астана, «Радиал», 2005.
9. Н.П.Кутнякова. Воспитываем гениев. Творческие методики развития личности. Ростов на Дону. Феникс, 2008.

**Гүлшат МОЛДАҒАЛИЕВА,**  
Ақсай қаласындағы  
№4 жалпы орта білім  
беретін мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Батыс Қазақстан облысы,  
Бөрлі ауданы.

## **СЫНЫПТА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АТМОСФЕРАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

Ынтымақтастық оқу – өзара іс-әрекет жасау философиясы, ал бірлескен жұмыс соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге ықпал етуге бағытталған өзара әрекеттің құрылымы болып табылады.

Ынтымақтастық оқу – оқыту мен оқуға білім беру тәсілі, бұл мәселелерді шешу, тапсырмаларды орындау немесе әлдебір өнім жасау үшін бірлесіп жұмыс істейтін оқушылар тобы дегенді білдіреді. Ынтымақтастық оқу оқуды табиғи әлеуметтік әрекет ретінде қабылдауға негізделген, оған қатысушылар бір-бірімен әңгімелеседі және осы әңгімелесу арқылы оқуды жүзеге асырады.

Ынтымақтастық оқыту жағдайында білім алушылар түрлі көзқарастағы пікірлерді естіп, өздерінің идеяларын дұрыс қалыптастыруды және оны қорғай білуді үйренетіндіктен, олардың алдына әлеуметтік, сондай-ақ эмоционалдық тапсырмалар қойылады. Сол арқылы, білім алушылар өздерінің ұғым-түсініктерін қалыптастырып және де оқулықта ұсынылған түсініктерге немесе сарапшылардың пікірлеріне ғана сенуден бас тартуды үйрене бастайды. Яғни, ынтымақтастық оқыту барысында білім алушылар құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасқа түсуге, өз пікірлерін айтуға және оны қорғауға мүмкіндік алады.

Әрбір сабақта топтық жұмыс арқылы бірлесе әрекеттенген тиімді. Ж.Пиаже бұл туралы былай жазады: «Адамның ақылы өзін таниды, яғни, психологиялық тілмен айтқанда, басқа заттармен немесе басқа ақылдармен қатынаста ғана болады». Ал қарым-қатынас дегеніміз өзімізді басқаларға бейімдеу деген сөз. Топтық жұмыс оқушыларға ұжымдық жұмыс қалыптастырып, бірлескен жұмыстың қызықты әрі тартымды әрекет екендігін көрсетеді, оқушылардың жалпы еңбекке деген ынтасын арттырады. Өмірде «Мен» қағидасынан гөрі «Біз» тұжырымының анағұрлым пайдалы екенін аңғарады. [1,134бет].

Оқушыларды психологиялық тұрғыдан оқуға дайындау қажет. Әдетте сабаққа келгендердің бәрі дерлік оқуға белсене араласып кетуге дайын емес, өйткені олар өздерін ыңғайсыз сезінуі мүмкін. Мұның себептері де баршылық:

- өзіне көтеріңкі жауапкершілік жүктеуі және содан қаймығу, жүрексінуге;
- оң нәтиженің шығуына күмәндану, жазалаудан немесе күлкі, мазаққа қалудан қаймығу;
- еріншектік пен шаршағандық;
- назарын жинақтай алмау.

Оқушылардың сабақ барысында барлық шарттылықтардан арылып, ойлау аппаратын белсенділендіріп, жұмысқа толық ниеттеліп, қызу кірісіп кетуін бірінші мезетте ойсергектер арқылы жүзеге асыруға болады. Ойсергектер арқылы оқушылар өздерін жеңіл сезінеді, ашылады, әрқайсысы біртұтас ұжымның өкілі ретінде алда күтіп тұрған бірлескен күрделі жұмысты атқаруға дайындалады. [1,139бет].

***Сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру*** оқушылармен бірлесе топ ережесін құрудан басталады. Ережені оқушылар жеке-жеке құрып, содан соң топта талқылап, ортақ топ ережесін шығарып, сол ережені ұстанады. Бұл оқушыларды өз-өзін реттеуге, бір-бірлерінің пікірімен санасуға үйретеді. Сабақты оқушылардың бір-біріне деген

сенімдерін арттыру, достық қарым-қатынас, ынтымақтастық қалыптастыру мақсатында бір-біріне бүгінгі күнге жақсы тілектер айту, мақтау айту, т.б. тренингін өткізуден бастаған жөн. Осындай тренингтерді өткізу арқылы оқушылардың бір-біріне деген жақсы көзқарастары қалыптасып, бір-біріне құрметпен қарауға дағдыланады.

Оқушылар қандай да болмасын жұмыс пен тапсырманы орындау үшін және сәтті нәтижеге жету үшін бір-біріне тәуелді (жағымды тұрғыдан) екендігін, бір-бірімен байланысты екендігін сезінуі керек. Оқушылар бір-бірімен әрекеттесуі үшін тиімді жағдайлар жасау қажет: парталарда оқушылар бір-біріне бет қарап отырып, оларда бірлескен әрекеттердің нәтижесін көрсетуге болатын материалдар болуы керек, оларға өзара әрекеттесуді қажет ететін тапсырмалар беру керек. Оқушылар бір-біріне жәрдемдесу, өзара пікір алмасу, бірін-бірі демеу, бірін-бірі үйрету арқылы өз оқуын жақсарта түседі. Жауапкершілік тек жақсы оқитындарға ғана жүктеліп қоймай, барлық оқушыларды да қамтуы қажет. [1,139бет]. Сабақта жоғарыда аталғандар ескерілсе, сабақта ынтымақтастық атмосферасы нығая түседі, сабақтың сапасы арта түседі. Өз тәжірибемнен мысал келтірер болсам, ойлан-жұптас-талқыла әдісін қолданған кезде, алдымен оқушылар жеке ойлап, содан соң жұппен диалог құрап, топта талқылау арқылы бір-бірінің пікірімен

санасып, жетпеген жерін толықтырды. Осылай бір-бірімен байланысқа түсуі арқылы ынтымақтастық қалыптасады.

Топтық жұмыс оқушыларға бірігіп жұмыс істеу мүмкіндігін тудырып қана қоймай, ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Топқа бөлініп, бірлесіп жұмыс жасау - ынтымақтастықты қалыптастырудың бірден бір жолы. Сол себепті күнделікті сабақтарда оқушыларды топқа бөліп отырғызу керек. «Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас» деген мақалдың мағынасын түсініп, жолдастарына көмектескен жөн. Сабақта топпен орындайтын тапсырмалар жиі берілу керек. Мысалы, постер дайындау, мәтін беріп, бір-біріне түсіндіру, бірлесіп топта талқылау, т.б. Осындай тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары оянып, әр берген жауабына ұпай жинап, сол сабақтың соңында топ басшысының бағалауына әсер ететінін біліп, сабаққа белсене қатысуға барынша талпынып отырады. Топ мүшелерінің кезекпен сөйлеуі де, бұрын сабаққа көп қатыспайтын оқушылардың ашылуына да септігін тигізеді. Топпен бірлесе жұмыстану барысында оқушылар алған білімдерін қорытындылай, талдай, жүйелей отырып, шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді. Өз бетінше және бірлесе жұмыс істеу арқылы логикалық ойлау қабілеттерін, білім, білік дағдыларын қалыптастырады.



Қорыта айтқанда, оқушылар бірлесе жұмыстануда өз ойымен қатар өзгенің ойымен де санаса отырып, бір-біріне түсіністікпен қарауды үйренеді. Бір-бірін тыңдап, сенім артып, қолдау көрсетуді үйренеді. Ұжыммен бірлесе еңбектеніп, өздерінің осы жұмысқа өз үлесін қосқандығын сезінгендері – олардың қандай да болмасын жетістікке жеткендігі.

Ендеше, баланы заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы екенін әр ұстаз естен шығармауы абзал.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. А.Әлімов. «Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері».
2. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші базалық деңгей. III басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.

## **ОҚУШЫЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУГЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазіргі таңда орыс мектептерінде мемлекеттік тілді оқытудың тиімді жолдарын табу заман талабына айналып отыр. 9-сынып оқушыларын оқу жетістіктерін сырттай бағалау мен мемлекеттік емтиханға, 11-сынып оқушыларын ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындау барысында мұғалім алдында оқушыға қазақ тіл білімінің барлық саласын меңгерту мәселесі тұр. Орыс мектебіндегі қазақ тілі пәнінің мұғалімі еңбегінің жемісі – оқушыларымыздың қазақ тілін ана тілі ретінде оқитын оқушылардың дәрежесіне жеткізу. Әрине, нәтижеге қол жеткізу үшін мұғалім де, оқушы да жүйелі түрде жұмыстануы қажет. Тест сұрақтарын зерттей келе, мектепте оқылатын қазақ тілі пәнінен берілетін білімнің түгел қамтылғанының куәсі болдық.

Оқушы фонетиканы оқу арқылы әдеби тілдің жазылу және айтылу нормасын игереді. Қатынас

жасау, пікір алысу сөйлеу арқылы жүзеге асады. Буын жеке дыбыстардан, сөз буыннан, сөйлем сөздерден құралады. Дыбыс-сөз құраудың негізгі кірпіші. Мысалы, бол-бөл, қала-дала, тон-төн десек, бір дыбыстың өзгеруіне қарай әр түрлі сөздер туып тұр. Осы сияқты нақтылы мысалдар арқылы мұғалім дыбыстардың ерекшелігін, маңызын көрсетуі шарт. Сонымен бірге буын түрлері, үндестік заңы, екпін мен тасымал, орфография мен орфоэпия туралы мәлімет берілуі керек. Тест сұрақтарының 20-30% фонетика саласына тиесілі екені анықталды.

Қазақ тілін саналы оқытуда лексиканы дұрыс, жан-жақты үйретудің маңызы зор. Оқушыларға сөз және оның мағынасы туралы түсінік бергенде, сөздердің әр түрлі мағынасы сөйлемде ғана белгілі болатынын ескеріп, жаттығу жұмыстарын сөйлемдегі мағынасымен байланыстыра жүргізу керек. Сөздің тура және ауыспалы мағынасын түсіндіруді олардың қолданылуын түсіндірме сөздіктен көрсетіп, оның берілу тәртібімен таныстырудан бастау керек. Лексикалық ұғымды мынадай кестемен түсіндіруге болады.

### Лексикалық ұғымдар



көп мағыналы сөздер, синоним, антоним, омоним.

басқа тілден енген сөздер.

терминдер, диалект сөздер, кәсіби сөздер, жалпылама қолданылатын сөздер.

Лексикалық сұрақтар тапсырманың 35-40% құрайды. Тестілеуде тұрақты сөз тіркестері туралы сұрақтар жиі кездесетіндіктен, оның басқа тақырыптарға қарағанда күрделілігіне қарамастан, тұрақты сөз тіркестерін еркін тіркестен ажырата білуге үйрету қажеттілігі туындайды.

#### Тұрақты сөз тіркестері

1. Сөйлемде дайын күйде қолданылады, құрамындағы сөздер өзгермейді.
2. Мағынасы құрамындағы сөздерге қатысты болмайды.
3. Сөйлемде бір сұраққа жауап беріп, бір ғана сөйлем мүшесі болады.
4. Жеке сөзден баламасы болады. (төбе шашы тік тұру - корку).

#### Еркін сөз тіркестері

- Сөйлем құрау үстінде тіркеседі, ойдың берілуіне лайық өзгереді. Мағынасы құрамындағы сөздермен анықталады. Әр сыңары жеке сұраққа жауап беріп, әр түрлі сөйлем мүшесі болады.
- Нақты ұғымды аңғартады. (дәптер-қалың дәптер)

Қазақ тіліндегі сөздердің жасалуын оқыту барысында оқушылар қазақ тілінің жалғамалы тілдер тобына жататынын аңғарулары керек. Түбір сөздерге жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалатын амал-тәсілдердің өте өнімді екенін ескере отырып, бір

жұрнақ арқылы жасалған туынды сөзден көптеген жаңа сөздердің жасалатынын аңғарту барысында жалғамалы тілдің ерекшелігі байқалады.

Сөз таптарының сыр-сипатын ашпастан бұрын, ең алдымен, қазақ тіліндегі сөздердің мағына, тұлғалық өзгерістеріне және қызметтеріне қарай атауыш сөздер, көмекші сөздер және одағай сөздер болып бөлінетінін түсіндіру керек. Зат есімді оқыту барысында деректі зат есімнен дерексіз зат есімдер, керісінше дерексіз зат есімнен деректі зат есімдер жасалатынын аңғартамыз. Мысалы, адам-адамгершілік, ақыл-ақылшы. Жалпы және жалқы есімдер төңірегінде де Ақтау-ақтаулық, күн, ай уақыт-Күн, Ай планета атауы ретінде түсіндіріледі. Оқушыға қиындық тудыратын сөз табы – еліктеу сөздер. Еліктеу сөздердің лексика-семантикалық мағыналары күрделі болғандықтан, еліктеу сөздер қандай ұғым атауларында жұмсалатыны әңгімелесу тәсілі арқылы оқытылады.

- Балалар, қоңырау болды ма?

- Қоңырау болды.

- Қоңыраудың болғанын қайдан білдіңдер? деген сұрақ қойып, қоңыраудың соғылған дыбысын есту арқылы білгендерін, ол естілген дыбыстың атауы шылдыр деген сөз екенін аңғартып, шылдыр-шылдыр сөзін тақтаға жазу керек. Ендігі ретте, аю қалай жүреді? деген сұрақ қойып, аю қорбаң-қорбаң етіп жүреді деген жауап алынады. Осылайша еліктеу

сөздер мағыналары жағынан дыбыстық еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер болып бөлінетінінен түсінік беріледі.

Қазақ тіл білімінің ең қиын тарауы – синтаксис. Мұнда сөз тіркесі, сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлері, сөйлем мүшелері, сөйлем түрлері туралы мәлімет көрнекіліктермен, кестелермен түсіндіріледі. Тест тапсырмаларының 35-40% грамматика саласын қамтиды.

Орыс мектебінің оқушылары көп жағдайда сұрақтардың мазмұнын түсінбей киналады. Оқушы сұрақтың аудармасын естігенде, жауабын оңай-ақ тауып жататын жағдай жиі кездеседі. Сондықтан мұғалім тапсырмалардың мазмұнын түсіндіруді дұрыс жолға қоя білуі керек.

Сонымен қатар, танымдық мақсаттағы сұрақтарға дұрыс жауап беру үшін оқушының Қазақстанның табиғаты, жер-көлемі, рәміздері, қалалары, табиғи байлығы, халқымыздың ұлы тұлғалары, батырлар, спортшылар, өнер адамдары туралы білімін тереңдету керек.

Қорыта келе, екінші тілді оқытуды ұйымдастыратын оқытушы тілді үйренуге тамаша жағдай туғызушы ретінде танылса, шәкірттерін биіктен көрері анық.

Айжан ТОҚСАМБАЕВА,  
Қарағанды қаласындағы  
№32 жалпы орта білім  
беретін мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ҒАЛЫМЫ ӘРІ ҰСТАЗ

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде көп мәселелер талқылануда. Әрине, бұл мәселелердің шешілу жолдары бар. Ахмет Байтұрсынұлының құнды еңбектерін терең зерттесек, бұл мәселелерді шешуге болады.

Ақынның нағыз ақындық, адамдық болмысын жеткілікті таныр ма едік? Қазақтың атақты жазушысы, ғалым Мұхтар Әуезов Ахмет Байтұрсынұлы туралы естелігінде осылай жазған: «Қазақ жастарының ардақты тәрбиешісі Ахаң сөйлегенде, менің есіме «Қазақ» газеті түседі. Біз ол күнде мектеп ішінде жүрген бала едік. Бірақ патша саясаты темір бұғаудай мойынға батып, қазақ жұртын әлсіретіп, «Кедейді шалапқа мас қылып, байды қымызға мас қылып», елдігін жоғалтып бара жатқанын тұманды оймен сезуші едік, көмескі жауы қазақтың бесіктегі баласының көзіне де елестегендей еді. «Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына» түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне

қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын. «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақта, тарих ұмытпайтын істер болатын. [1,186-б.].

Ахмет Байтұрсынұлының даналығын, ұлылығын, қарапайымдылығын осы сөздер дәлелдейді. 1922 жыл, август айы, Ташкент қаласы. Сондағы қазақ-қырғыз институтының айналасы халыққа лық толы. Бүгін мұнда «қазақ халқының қаламға жүйрік, алты алашқа аты жайылған атақты азаматы Ахмет Байтұрсынұлы келмекші... Қасында 4-5 жолдасы бар, еңсесі биік, келбеті түзу, көзілдірікті бір адам аяғын ақырын басып келе жатыр. Орталарына ене бергенде, балалар оларға бар дауыспен «ассалаумағалайкум» деп сәлем берді. Артынан «Жасасын қазақтың қаһарманы!», «Жасасын қазақтың көсемі» (оқығаны, ұстазы, жанашыры деген мағынада) Ахмет ағай Байтұрсынұлы» деп шулап қоя берді. Сол сәтте көзі көргендердің жазуынша, жер жаңғырып, тән шымырлап, көңіл бұзылып, жұрт өзінің қайда екенін білмейтін халге келді». [1,192-б.].

Қазіргі заманның оқушылары Ахметтің атын естігенде осындай әсер алу үшін біз – мұғалімдер олардың санасына Ахметтің даналығын жеткізе алуымыз керек. Ол-біздің парымыз! Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілін сақтау үшін өз өміріне қауіп төніп тұрса да, халық үшін, ел үшін жан аямай

күрескен. Бізге, мұғалімдерге бүгінгі таңда ешқандай қауіп-қатер төніп тұрған жоқ, сондықтан қазақ тілінің мәртебесін, оқушылардың қазақ тілінен білім сапасын көтеру үшін тек қана адал еңбек ету керек. Бұл-біздің қолымызда. Тіліміздің тағдыры біздің қолымызда. Тіл үшін Ахметтің күресі әрқашан бізге үлгі-өнеге. Тіл мәселесіне байланысты барлық кемшіліктерді ортаға салып, бәріміз жұмыла мәселені шешуіміз керек. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ алфавитінің тұңғыш реформаторы, осы жетілген жазу үлгісімен еліне тұңғыш әліппесін, тіл құралын, әдебиет танытқышын сыйлаған, қазақ филологиясы мен өнертауының негізін салушы ғалым, таза қазақ емлесімен шыққан тұңғыш газет «Қазақтың» (1913-1918) редакторы, көрнекті ақын, аудармашы, публицист-журналист, ірі қоғам қайраткері, ағартушы-ұстаз, ҚазПИ-дің профессоры, этнограф, фольклорист, композитор әрі орындаушы. Ахмет Байтұрсынұлы оқулықты жазу үшін қандай зерттеулер жасады, қандай ізденісте болғанын терең зерттесек, қазіргі оқулықтардың мазмұны толық әрі сапасы жақсы болар еді. 1895-1909 жылдары ел ішінде әр сатылы мектептерде бала оқыта жүріп, Ахаң үлкен тәжірибе жинақтайды, қазақ балалары сауатын ашып жүрген түрлі қазақ, татар тілдеріндегі «Әліпби» құралдарының кемшіліктерін көзімен көреді. Қарапайым ұстаздықтан күрескер ағартушылыққа қол созған Ахаң алдына қазақ алфавитін жетілдіру мақсатын қояды. Қазақ жазуын жетілдіру үшін, алдымен қазақ тілінің ішкі

табиғатын танып, жүйесін түсініп алу қажеттігі туды. Бұл қазақ тілін ғылыми зерттеу, яғни, фонетикалық жүйесі мен грамматикалық құрылысын танып-білу деген сөз еді. «Оқу құралының» ең ұлылығы бала оқытатұғын кітап: оның жақсы болып балалардың жанын қинамасына жазудың тәртібі болуы шарт. Тәртіпті жазу деп айтамыз: тілдегі бар дыбыстың бас-басына арнаған белгісі (хоріфі) бар болса. Осы күнгі жазуымызда дыбыс басына арнаған белгіміз жоқ, бірақ белгіменен әлденеше түрлі дыбыстарды жазамыз... Балаларға һәр түрлі айтылатұғын сөзді, бір түрлі айтып жазып қойып, һәр түрлі айтып оқу керек дегеніміз зорлық емес пе? «Бірдей жазылған сөзді қалай һәр түрлі оқысам дұрыс болады» деп бала қиналмай ма? Сондықтан әуелі оқу құралын сайлаудан бұрын жазуымыздың тәртібін түзетіп жөнге салу керек. Сонан соң жөнменен құрал сайлау керек», - деп ғалым қазақ жазуындағы арабтың басы артық әріптерін алып тастауды, жіңішке дауысты дыбыстарды білдіруге арналған белгіні (дәйекші) енгізуді, т.б. жаңашыл жаңалықтарын ұсынады. Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған реформаны барлық түркі халықтары жазу мәдениетінде кеңінен қолданған. «...Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай жүйесімен тізу, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Өзі жоғалар халықтың алдымен тілі, мәдениеті жоғалады. Сондай

кемшілік болмас үшін, әр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінде жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін, басқаша оқыта бастайды.»-деп білген Ақаң, 1912 жылы Орынборда «Әліппе» бастырып шығарады.

Қазақтың мәдени өмірінде Ахмет «Әліппесінің» қандайлық орны болғандығын көрсету үшін, өз кезінде айтылған мына пікірге назар аударайық:

«...Бұл «Әліпбидің» мазмұны қазақ жағдайына қарай, мемлекет, білім кеңесінің жаңа бағдарламасына үйлесімді болып шыққан. Сөздері баланың ұғымына аса қолайлы тәртіппен құралған. Бұл «Әліпби» дыбыс әдісімен де, Америка әдісімен де оқуға қолайлы. Шығарушының үлкен шеберлігі көрініп тұр. Оқушыға бұл «Әліпби» аса қызықты, баланы өздігінен білуге, өздігінен үйренуге ұмтылдыратын түрде жазылған. Бірақ тәжірибесі аз мұғалімдер мұнымен дыбыс әдісі бойынша да оқыта алады. Әңгімелері балалар үшін қызық, жеңіл, заманға лайық, мазмұн жағынан да, әдіс жағынан да артық кемшілік таба алмадық...

1924 жылы, июнь айы. Орынбор қаласы. Қазақ, қырғыз білімпаздарының съезінде әліппе жайында Ахмет Байтұрсынұлы баяндама жасап тұр. Ол алдымен сол кезде қазақ елі тұтынып жүрген араб әліппесін тастап, латын әліппесін аламыз деген пікірдің тиімсіздігін түсіндірді. Әр әріпі дара тұрады, сара тұрады деп, басқа кемшіліктерін және жаңа әліппе енгізу көп іс, зор күш қажет ететінін ескермей, латын

әліппесін ала қоямыз деу ойланбағандық, асығыстық екенін ескертті. «Жақсы әліппенің қасиеттері,- дейді ол,- жылдам жазылу, баланы оқытқанда әріптерінің бөлек-бөлек оңаша тұрып көзге түсуі, жазбасына баспасының ұқсастығы. Қазіргі қазақ әліппесінің жер үстінде жақсы әліппе жоқ. Латыннан анағұрлым әліппеміз тұрғанда, босқа латыншыл болудың қажеті не? Латынның керегі жоқ... Латынды ауызға алу – еріккендік...» [1,197-б.].

Араб әліппесінің бір кемшілігі – кейбір әрпінің 3-4 түрлі жазылатындығы, басқанда қосылып кететіндігі. Бұл кемшілікті жою жаңа әліппе енгізуден әлдеқайда жеңіл. Араб әріптерін де даралап, түзету баспа ісінде де, оқытып, үйретуде де жеңілдік береді. Ахмет Байтұрсынұлы сөзінің дұрыстығын уақыт дәлелдеді. Он жыл өтпей латын әліппесі қайта алынып тасталды. Бұл қаншама қаржы далаға кетті деген сөз.

«... Әуелі біз елді түзетуден бұрын бала оқыту ісін түзетуіміз керек. Неге десек, болашақта билікте, халық та оқумен түзеледі...» деген Ахмет Байтұрсынұлы. Баланы оқыту үшін оқулық қажет Бүгінгі заманның талабы – қазіргі оқушыны өзі ізденіп, өз бетімен білім алуға талпындыру. Бұл жағдайға біз мүмкіндік жасауымыз керек. Ең бастысы, Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, оқулық аса қызықты, баланы өздігінен білуге, өздігінен үйренуге ұмтылдыратын түрде жазылу керек. Сондықтан бүгінгі оқулықтардың сапасын көтеру керек. Бұл, әрине, мұғалімдердің көмегімен ғана ұйымдастырылады. Еліміздің тілін сақтап, дамытып, жүзеге асырсақ, біздің ата-

бабаларымыздың алдында, Ахмет Байтұрсынұлы сияқты зиялылардың алдында арымыз таза болады.

### Пайдаланылған әдебиет:

1. Дидахмет Әшімханов. «Бес арыс». А., «Жалын», 1992.



Сара ЖҮРБАЕВА,  
Алматы қаласындағы  
«Тамос-Эдьюкейшн» жекеменшік  
мектебінің қазақ тілі  
пәнінің мұғалімі.

## ДИАЛОГТЫҢ ҮЛГІСІ

Қазақ тілін үйренуде екеуара сөйлесудің (диалогтің) маңызы өте зор. Диалог оқушылардың бір-бірін тыңдай білу, түсіну, сұрақтарына жауап бере алу дағдыларын дамытады. Диалог құрамына лексикалық қана емес, сонымен қатар грамматикалық материал кіреді. Өзімнің сабағымда қолданатын кейбір диалог үлгісін ұсынғым келеді. Сіздер де осы үлгі бойынша өз диалогтеріңізді жасай аласыздар. Негізгі шарты: диалог оқушыларға қызықты, тіпті күлкілі болуы қажет.

### 1. Күзгі демалыс туралы.

Айжан: - Дина, сәлем!

Дина: - Сәлем, Айжан!

А: - Қалың (1) .....?

Д: - Жақсы.

А: - Күзгі демалысыңды қалай (2) .....?

Д: - О! Тамаша.

Мен (3).....Францияға барып келдім. Онда біз он күн болдық! Мен саған (4).....әкелдім.

А: - Солай ма? Не әкелдің? Көрсетші (5).....

Д: - Қазір, қазір. Міне, Эйфель мұнарасы. Ұнай ма (6).....?

А: - Өте (7)..... рахмет саған.

Д: - Айжан, ал сен қайда (8).....?

А: - Мен Бурабайға бардым. Онда менің (9)..... тұрады. Ол жердің табиғаты мен ауасы сондай керемет!

Д: - Иә, мен білемін. Біз онда (10) ..... жылы болғанбыз.

А: - Жақсы, Дина, сау бол!

Д: - Сау бол!

Түсіп қалған сөздер: 1) қалай, 2) өткіздің, 3) ата-анаммен, 4) сыйлық, 5) тез, 6) саған, 7) көп, 8) бардың, 9) әжем, 10) өткен.

### 2. Септік жалғаулары. (Болат пен әжесі).

Б: - Әже, мен кешке (1) ..... туған күніне барамын.

Ә: - Қайда (2).....?

Б: - Досымның (3) ..... күніне!

Ә: - 4) ..... туған күніне?

Б: - Ой, әже, айттым ғой, до-сым-ның!

Мен (5) ..... алуым керек!

Ә: - Не, не алуың керек?

Б: - Сый-лық! Маған сыйлыққа (6) ..... керек.

Ә: - (7) ..... ақша керек?

Б: - Сыйлыққа, сыйлыққа!

Ә: - Ойбай! (8) ..... ақша жоқ қой! (9) ..... сұрашы, жаным.

Түсіп қалған сөздер: 1) досымның, 2) барасың, 3) туған, 4) кімнің, 5) сыйлық, 6) ақша, 7) неге, 8) менде,

9) шешенен.

3. Көмекші есімдер (тәуелдік жалғауы)

Әлия әдетте таңертең сағат жетіде тұратын. Бүгін ол ұйықтап қалыпты, сондықтан ол асығуда. Ол анасымен сөйлесіп жатыр.

Ә: - Мама, менің (1) ..... қайда?

М: - Сөмкең? Міне, (2) ..... қасында.

Ә: - Ааа, иә, иә, көрдім.

Ә: - Мама, ал менің (3) ..... қайда?

М: - Ол сөмкеңнің (4) ..... шығар!

Ә: - Мама, сен менің (5) ..... көрдің бе?

М: - Ой, қызым-ау, көзің қайда? (6) .....

үстінде жатыр ғой.

Ә: - Рахмет саған, мама.

М: - Әлия, тезірек, сен (7) .... кешігесің мектепке!

Ә: - Иә, иә, кеттім. Сау бол.

М: - Сау бол! Телефон соқ маған, (8) ..... ма?

Ә: - Жарайды!

Түсіп қалған сөздер: 1) сөмкем, 2) диванның, 3) күнделігім, 4) ішінде, 5) тарағымды, 6) айнаның, 7) бүгін, 8) жарайды.

Сонымен, диалог дайындаудың тәртібі:

- диалогті техникалық құралға жазасыз;

- басылған диалогті оқушыларға таратасыз;

- оқушылар диалогті тыңдай отырып (2-3 рет), қажетті сөздерді жазады;

- жазған сөздердің дұрыстығын тексересіз;

- оқушылар диалогті мәнерлеп оқиды.

Жұмыстың соңында мұғалім диалог бойынша сұрақ қоюы мүмкін.

Мұндай жұмысты жүйеге келтірген соң, оны күрделетуге болады (деңгей бойынша).

**Фатима АШИРОВА,**  
учитель средней школы  
имени О.Жандосова  
с дошкольным миницентром.  
Алматинская область,  
Карасайский район,  
п.Жандосов.

## УЧИТЕЛЬ XXI ВЕКА

«По состоянию системы образования можно судить о перспективах страны. Появление новых технологий и знаний о которых мы даже не подозревали, глобализация процессов развития позволяет дать XXI веку определение как веку Знаний. Поэтому я со всей определенностью могу сказать все, что служит системе образования, служит и будущему нашей страны». (Н.А.Назарбаев)

В современной школе возросла потребность в учителе способном модернизировать в своей деятельности посредством критического, творческого ее освоения и применения достижений науки и передового педагогического опыта.



Лауреат Нобелевской премии Петр Капица говорил, что в основе желаний людей творить должно лежать недовольство существующим. Учитель обязан быть творческой личностью, а все виды творческой работы требуют выработки определенных идей.

Учитель должен быть образованным во всех смыслах этого слова, проницательным человеком, постоянно учиться новому, самосовершенствоваться, иметь развитые мыслительные способности. Ему должно быть присуще такое качество, как рационализм познания. Помимо такого упомянутого качества, как рационализм познания учитель исследовательского типа должен обладать рядом интеллектуально-психологических качеств.

1. Проблемное видение действия.

2. Экспрессивность – умение принимать правильное решение при дефиците информации.

Одной из важнейших возможностей повышения своего профессионального уровня является – самообразование учителя.

Важнейшим направлением в самообразовании учителей является повышение квалификации,

переосмысление содержания методов своей работы в свете новых требований педагогической и психологической науки. Небывалый расцвет культуры в нашей стране требует от учителя широкой осведомленности об успехах в области литературы, живописи, театре, музыки, спорта, наличие хорошего художественного вкуса.

Необходимость самообразования диктуется самой спецификой учительской деятельности, ее социальной реалью. С другой стороны реалиями и тенденциями непрерывного образования, что связано с постоянно изменяющимися условиями педагогического труда.

Любому учителю хочется стать значимой фигурой если не в школе, то по крайней мере в классе. Значимый учитель сегодня – это одновременно профессионал и личность. Он не просто занимает рабочее место, но и украшает своим личным отношением, то, что составляет смысл его работы.

Современный учитель должен уметь оценивать качество своей работы не только с позиции технологической грамотности, но и гораздо выше – с позиции культуры педагогической.

**Әйгерім КЕШУБАЕВА,**  
Алматы қаласындағы  
**№28 мектеп-лицейдің**  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## **БІЗДІҢ ТУ**


*(6-сынып)*

<b>Жалпы мақсаттар:</b>	Ту – мемлекеттің егемендік пен біртұтастықты білдіретін басты рәміздерінің бірі екені туралы ақпарат беру; Басқа елдермен салыстырып, ерекшелігі туралы мәліметтендіру; Тақырып төңірегінде жаңа сөздерді меңгерту; Тақырып бойынша қазақша сөйлеуге дағдыландыру; Диалог-әңгіме, талқылау, талдау дағдыларын қалыптастыру.
<b>Міндеттері:</b>	Қазақстан Республикасы Туының авторларын есте сақтайды. Туда бейнеленген белгіні есте сақтап, түсініп алады.
<b>Түйінді идеялар:</b>	Елге, жерге деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру; Сын есімді меңгерту.
<b>Дереккөз:</b>	Оқулық, ғаламтор, қосымша әдебиеттер, тірек сызбалар.
<b>Түрі:</b>	Жаңа сабақ.
<b>Әдісі:</b>	Түсіндіру, сұрақ-жауап, ойтолғау, миға шабуыл, талдау.
<b>Көрнекілігі:</b>	Слайд, тірек сызба, плакат, суреттер, стикер, постер.

Нурсултан Абишевич Назарбаев (из обращения к педагогам). «Вы растите наших детей, учите умозуму. Вы для них порой авторитет больший, чем родители. Во многом от вас зависят будущие гражданские позиции нового поколения, его патриотизм, приверженность родной земле. Вам по силам уберечь его от дурных привычек, наркотиков. Привить здоровый образ жизни. Для страны очень важно, чтобы дети с молодых лет впитывали чувство гордости за Независимый Казахстан, знали его историю и законы, государственную атрибутику».

В заключении хочу сказать, что учитель должен досконально знать то дело, которым занимается, быть специалистом в нем. Он должен быть коммуникабельным и обладать воображением стратега. Его интеллектуальные горизонты должны быть коммуникабельными и обладать воображением стратега. Его интеллектуальные горизонты должны быть широкими. Моральные стандарты – высокими.

Анализируя все вышеуказанное, становится ясно, что у современного поколения учителей третьего столетия планка слишком высока. Но они обязаны ее преодолеть, чтобы уверенно войти в жизнь XXI века.

Оқыту нәтижелері:	Қажетті, дұрыс ақпараттарды алады; Диалог арқылы жұппен жұмысқа дағдыланады; Сөздерді, сөз тіркестерін дұрыс колданады; Өзін-өзі дұрыс бағалауды үйренеді.
Күтілетін нәтиже:	Тақырыптың мағынасын ашып, өздері талдау жасайды.
Сабақтың барысы.	
Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
Психологиялық дайындық. Оқушылардың ынтасын ояту. Кезекшілермен жұмыс жүргізу. /1 мин./ Мемлекеттік тіл қай тіл? Мемлекеттік рәміздерді атаңдар. ҚР-ның Президенті кім?	Сәлемдесу. Кезекшілердің жауабы.  Мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Мемлекеттік рәміздер – ту, елтаңба, әнұран. ҚР-ның Президенті – Н.Ә.Назарбаев.
<p>Үй тапсырмасы /7мин./ Мемлекеттік рәміздер бойынша сұрақтарға жауап беру. Тақтада ілініп тұрған плакатпен жұмыс. Салынған суретте екі қайық тауға жүзіп барады. Екі өзеннің шетінде екі қатарда төрт сұрақтан берілген. Ортасында ортақ үш сұрақ. Барлығы он бір сұрақ. «Қай қатар тауға жетеді, үй тапсырмасы өзенінен өтеді...»</p> 	

<p>1-қатар. 1.ҚР-ның Мемлекеттік рәміздерін ата: Ту, Елтаңба, Әнұран. 2.ҚР-ның Мемлекеттік Туының авторы кім? Ш.Ниязбеков. 3.ҚР-ның Мемлекеттік Елтаңбасының авторлары кім? Ж.Мәлібеков, Ш.Уәлиханов. 4.ҚР-ның Мемлекеттік Әнұранының авторлары кім?Сөзі: Ж.Нәжімеденов, Н.Ә.Назарбаев, әні: Ш.Қалдаяқов.</p>
<p>2-қатар. 1.ҚР-сы Тәуелсіздігін қай жылы алды? 1991 жылы 2.ҚР-ның Президенті қай жылы сайланды? 1991 жылы 3.ҚР-ның Мемлекеттік Туы мен Елтаңбасы қай жылы қабылданды? 1992 жылы 4.ҚР-ның Мемлекеттік Әнұраны «Менің Қазақстаным» қай жылы қабылданды? 2006 ж.</p>
<p>Ортақ сұрақ. 1. ҚР-ның Президенті кім? Н.Ә.Назарбаев 2. ҚР-ның ең жоғарғы өкілді органын ата. Парламент 3. Қазақстанның Елордасы қай қала? Астана</p>
<p>Жаңа сабақ. /25 мин./ «Қызығушылықты ояту» кезеңі. «Ой қозғау» /5 мин./ Интербелсенді тактадан суреттер көрсетіледі. Жаңа сөздер шығады.Осы сөздер арқылы тақырыпты ашамыз. Суреттер арқылы жаңа сөздерді тез жаттайды. Жаңа сөздермен жұмыс: Ту – флаг, знамя; шұғылалы күн – озаренное солнце; қыран – сокол, ястреб; көгілдір мата – голубоватая ткань; ұлттық – национальный; өрнек – орнамент; нақышталған – чеканный; суреттелген – описанный; бейнеленген – изображенный; алтын түстес – под цвет золота. Диалогпен жұмыс. /7 мин./ Оқушылар диалог құру үшін алдыларына сұрақтар беріледі. Интербелсенді такта арқылы берілген Тудың суретіне қарап диалог құрастырады. Мұғалімнің сөзі: - Балалар, бүгінгі сабақ не туралы?</p>

- Біздің Туымыз туралы.
- Оқушылар бір-біріне сұрақ қою арқылы диалог құрастырады.
- Тудың ортасында не суреттелген?
- Тудың ортасында шұғылалы күн суреттелген.
- Астында қандай құс бейнеленген?
- Астында қыран құс бейнеленген.
- Матаның түсі қандай?
- Матаның түсі – көгілдір.
- Туда қандай өрнек нақышталған?
- Туда ұлттық өрнек нақышталған.
- Шұғылалы күн, қыран құс және ұлттық өрнек қандай түстес?
- Алтын түстес.

Сын есім, жаңа сөздерден сын есімді табу. Интербелсенді тақтада сын есімнің ережесі, жұрнақтары шығады. Ережесін түсіндіру үшін суреттер интербелсенді тақтада беріледі. Түске байланысты, адамға байланысты, асқа байланысты суреттер. Суреттер арқылы түсін, дәмін, сапасын, түрін ажыратып, ережені түсінеді.

Сын есім – заттың түрін, түсін, сапасын, дәмін білдіретін сөз табы. Сұрақтары: қандай? қай? Мысалы: шұғылалы, көгілдір, ұлттық, алтын түстес, қызыл, жақсы, жаман, керемет.

**Жұрнақтары:**

- лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті: шұғыла+лы, ақыл+ды, өнер+лі, көрік+ті.
- тық, -тік, -лық, -лік, -дық, -дік: туысқан+дық, шетел+дік, жолдас+тық, президент+тік.
- ғы, -гі, -қы, -кі: жаз+ғы, қыс+қы, күз+гі, кеш+кі, таң+ғы, түн+гі.
- сыз, -сіз: ақыл+сыз, білім+сіз.

Қандай түсті гүл? Сары, қызыл, ақ.  
 Қандай бала? Кішкентай бала.  
 Қандай үй? Үлкен үй.  
 Қандай тағам? Дәмді тағам.  
 Қандай бұрыш? Ащы бұрыш.



Қазақстан



Франция



Австралия



Ұлыбритания



Түркия

- Балалар, енді Қазақстанның Туын басқа мемлекеттердің туымен салыстырайық.
- Қараңдар. Мынау – Түркия мемлекетінің туы. Бұл ту өз елінің тарихымен байланыстырылған. Бұл тудың қызыл түсті болуы – ежелгі Түркияның сұлтаны Селимнің соғыстан кейінгі көрінісі. Жердегі қызыл канға түнде ай мен жұлдыздың түсуі.
- Мынау – Австралияның туы. Тудың көк түсі Австралияны жан-жағынан мұхит алып жатқанын білдіреді. Сол жағындағы Ұлыбританияның туы құрамындағы ынтымақтастықтағы ел екенін көрсетеді. Ал алты ақ жұлдыздар – Австралияның алты штатын білдіреді. Ал оң жағындағы бес жұлдызша Австралияның оңтүстік жарты шарда орналасқанын білдіреді.
- Ал, біздің туымыз өте ерекше. Туымыздағы күн бейнесі – шекарамыздың бұзылмайтындығын бейнелейді. Шексіз далада ұшқан қыран, ою-өрнек – еліміздің ұлттық жиынтық бейнесі, көк аспанымыз тыныштық пен бейбітшілікті білдіреді.

**«Мағынаны тану» кезеңі. /5 мин./**

**Мәтінмен жұмыс.**

ҚР-ның Мемлекеттік туы – ортасында шұғылалы күн. Астында ұшқан қыран құс бейнеленген. Түсі – көгілдір мата. Туда ұлттық өрнек нақышталған. Шұғылалы күн, қыран, ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес.

**Сергіту сәті. /3 мин./**

Суреттер беріледі. Сол арқылы ҚР-ның туының бейнесін жасау.

Әсемгүл ЕРМАҒАНБЕТОВА,  
Көкшетау қаласындағы  
№1 облыстық арнайы түзету  
мектеп-интернатының  
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

## ҚАЗАҚСТАН – ТУҒАН ЕЛІМ

**Сабақтың мақсаты:** оқушылардың Қазақстан туралы білімдерін толықтыра отырып, бір жүйеге келтіру. Оқушылардың сөйлеу қабілеті мен танымдық деңгейін арттыру, сөздік қорын байыту, деңгейлік тапсырмалар арқылы өз білімдерін бағалауға дағдыландыру. Оқушыларды Отанын сүйуге тәрбиелеу, бойларына «Елім» деген патриоттық сезім ұялату.

**Көрнекіліктер:** Қазақстанның картасы, интерактивті тақта, теледидар, дидактикалық ойындар, өлең, кәртішке, жұмбақ, мақал-мәтелдер.

### Сабақтың барысы.

- I. Психологиялық дайындық.
- II. Ұйымдастыру кезеңі.
- III. Тіл дамыту үшін сұрақтар қою.
  1. Сыныпта кім кезекші?
  2. Бүгін кім жоқ?
  3. Қазір қандай ай?
  4. Аптаның қай күні?
- IV. Жұмбақ шешу.
  1. Оспан да өлең жаттады,  
Олжас та өлең жаттады.

### Сабақты қорыту:

- Ал, балалар, бүгінгі сабақта не түсіндіңдер?
- Еліміздің Туы қандай?
- Ерекшелігін атап беріңіздер.
- Сын есім дегеніміз не?
- ҚР-ның Туының түсі қандай?
- Түркияның Туының түсі қандай?
- Не себепті қызыл түсті екен?
- Ұлыбритания Туының түсі қандай?
- Өте жақсы, балалар!

### Рефлексия.

*Бағдаршам арқылы кері байланыс. /3 мин./*

*Үш түс беремін.*

*Жасыл – түсіндім.*

*Сары – сенімді емеспін.*

*Қызыл – ештеңе түсінбедім.*

Бағалау.

Тапсыр-малар	«5»	«4»	«3»	«2»
	Жауабын шебер түсіндіріп, сабақтан тыс ақпарат пайдаланып, мысал келтірсе.	Жауабын түсіндіріп, мәтіннен мысал келтірсе.	Шала жауап берсе.	Мүлдем жауап бермесе.

Үйге тапсырма: сын есімге 10 мысал жаз.

- Қай әріптен басталар,  
Екеуінің аттары?
- Тырма жатыр, қарайық,  
Ұқсайды оған қай әріп.
  - АТА, АНА, АПА -  
Бұл маңызды сөздер,  
Қай әріптен басталар?
  - Екі қабырға,  
Ортасында таяқша.

**V. Сұрақтар қою.**

- Отан сөзі қалай аударылады?
- Отан деген не?

**VI. Мына тор көздердің ішінде Отан жайында мақал – мәтелдер жасырынған. /слайд/**

о	д	т	к	а	т	о	с	т	а	н	ы	т	ы	н
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	16

7	13	5	16		1	9	3	15	11
---	----	---	----	--	---	---	---	----	----

2	10		14	8	6	12	4
---	----	--	----	---	---	----	---

**VII. Сұрақтар қою.**

- Сендер Отан жайында тағы қандай мақал-мәтелдерді білесіңдер?
- Біздің Отанымыз қалай аталады?
- Қазақстанның қандай қалаларын білесіңдер?
- Картадан Қазақстанның шекарасын көрсетіңдер.
- Қазақстанның елордасы қай қала?
- Біз қай қалада тұрамыз?

**VIII. Сабақтың тақырыбымен таныстыру. /слайд/ «ҚАЗАҚСТАН – ТУҒАН ЕЛІМ»**

**IX. Дәптермен жұмыс.**

- Күнді, айды, аптаны жазғызу.

**X.**

- Өтілген сөздерді қайталап, еске түсіру. /слайд/
- Сөз тіркесін құрап, дәптерлеріне жазғызу.

ОТАН .....  
 ТҰРАМЫН .....  
 ХАЛЫҚ .....  
 ҮЛКЕН .....  
 ЗӘУЛІМ .....  
 ҰЛТТАР .....  
 ЕЛОРДА .....

**XI. Тақтада жұмыс.**

Сөз тіркестерінен қысқаша сөйлемдер келтіру.


Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстанда көп ұлттар тұрады.

**XII. Кәртiшкемен жұмыс /слайд/.**

**XIII.** Демалуға, ми сыңарларын дамытуға жаттығулар жасату.

**XIV. Ойын.** «Шатасқан әріптер» /слайд/

**XV.** Схема бойынша тұтас сөйлем құрату. /слайд/



**XVI.** Ойын. «Төртіншісі артық». /слайд/

**XVII.** Теледидарға назар аударту.

**XVIII.** Кітаппен жұмыс. (3с. 25-бет.)

1) Мәтінді оқу.

2) Мәтінді аудару.

3) Мәтіндегі сұрақтарға жауап беру.

**XIX.** Үйге тапсырма беру.

Мәтінді мәнерлеп оқу.

Мазмұнын білу.

**XX.** Өлең оқу.

**XXI.** Сабақты қорыту.

**XXII.** Оқушыларды бағалау.

**XXIII.** Рефлексия.



Бақытгүл ЖҰМАБАЕВА,  
Семей қаласындағы  
№ 9 орта мектептің мұғалімі.

## ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЖЕТІСТІКТЕРІ

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – өтілген материалдарды қайталау арқылы оқушылардың меңгерген білімдерін жүйелеу, бекіту. Жаңа сабақты меңгерту, тақырыпқа байланысты өз ойларын

айта білуге үйрету. Тапсырма орындау арқылы қатыстық сын есімді еске түсіру; **дамытушылық** – проблемалық жағдай туғыза келіп, оқушының ойлау, сөйлеу дағдыларын, танымдық қасиеттерін дамыту; **тәрбиелік** – патриоттық сезімдерін оятып, тілге деген құрметке тәрбиелеу.

**Түрі:** дәстүрлі.

**Типі:** жаңа білімді меңгерту.

**Әдіс-тәсілдері:** интерактивті оқыту әдісі, баяндау, мәтінмен жұмыс, аударма, сұрақ-жауап, сұхбаттасу, деңгейлеп оқыту.

**Көрнекілігі:** интерактивті тақта, слайдтар.

**Пәнаралық байланыс:** Қазақстан тарихы, орыс тілі.

**Қолданылған технологиялар:** іздену, саралап, деңгейлеп оқыту технологиясы.

**Жұмыс түрлері:** жеке, топтық, жұптық, жаппай.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі:**

А) оқушылармен сәлемдесу.

Ә) кезекшімен тілдесу.

\* *Ой шақыру*

- Біз қай мемлекетте тұрамыз?

- Қазақстан қандай мемлекет?

- Тәуелсіз деген ұғымды қалай түсінесіңдер?

**II. Үй тапсырмасын тексеру.**

Кезеңнің мақсаты: үйге берілген тапсырмаларды дұрыс орындауын тексеру.

1. «Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы және оның рәміздері» туралы баяндама тыңдау (шығармашылық деңгей);

2. Осы тақырыпқа диалог құрғызу;

3. Ережені сұрау:

- Сын есім дегеніміз не?

- Сын есім қандай сұрақтарға жауап береді?

- Сын есімнің мағыналық түрлері нешеге бөлінеді?

- Қатыстық сын есімдердің негізгі белгілерін ата.

Мысал келтір.

### **III. Жаңа сабақтың барысы.**

1. Кезеңнің мақсаты: оқушылардың қызығушылығын мотивациялау.

«Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбына байланысты тұсаукесер (бейнесюжет) көрсетіледі. (Бейнесюжет бойынша ой қозғау) 2-слайд.

Оқушыларға сабақтың проблемалық сұрағы ұсынылады.

- Тәуелсіз Қазақстанымыздың 23 жыл ішіндегі жеткен жетістіктері қандай?

Мақсаты: осы сұраққа жауап іздей отырып, жаңа тақырып бойынша алған білімдерін қорытындылайды, белгілі бір мәселені шешуге жоғары белсенділіктерін дамытып, өз пікірін айтуға үйренеді.

2. Жаңа сөздермен жұмыс. (3-слайд).

*Еуразияның орталығында – в центре Евразии;*

*Халқының саны – численность народа;*

*Ұлан-байтақ – обширное;*

*Сарыарқа даласында – в степи Сарыарки;*

*Желтоқсан оқиғасы – декабрьские события.*

3. Мәтінмен жұмыс (4-слайд).

А) мәтінді мәнерлеп, тізбектеп оқу;

Ә) мәтінді аудару.

### **Тәуелсіз Қазақстан**

Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстан – көп диаспоралы, егеменді, тәуелсіз мемлекет. Қазақстан Республикасының жері кең-байтақ, шекарасы ұзын. Қазақстан бес елмен шектеседі: Қытаймен, Ресеймен, Қырғызстанмен, Түркменстанмен, Өзбекстанмен.

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Онда 130-дан астам ұлт өкілдері тұрады. Бұл мемлекет Еуразияның орталығында орналасқан. Қазақстанның табиғаты тамаша! Халқының саны 15 миллионнан асады.

Қазақстанның ұлан-байтақ даласында мол байлық бар. Бұл сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер, пайдалы қазбалар.

Біздің еліміздің өз рәміздері бар. Олар: Ту, Елтаңба, Әнұран. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Қазақстанның бас қаласы және астанасы – Астана қаласы. Астана Сарыарқа даласында Есілдің жағасында орналасқан.

Еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Біз өз Отанымызды сүйеміз, мақтан етеміз.

Тәуелсіздік бізге 1986 жылғы жер дүниені дүр сілкіндірген желтоқсан оқиғасынан кейін келді.

(Слайдтан желтоқсан құрбандары көрсетіледі).



- Сынып 3 топқа бөлінеді. Әр топ өзінің мақсаты мен ұрандарын айтады.

### **I топ – «Қырандар»:**

Біздің мақсатымыз: ойымызды жүйелеп айту.

Ұранымыз: «Бірлік болмай, тірлік болмас».

### **II топ – «Тұлпарлар»:**

Біздің мақсатымыз: өз пікірімізді айту.

Ұранымыз: «Жаны қиналмай, жұмыс бітпес,

Талап қылмай, мұратқа жетпес».

### **III топ – «Сұңқарлар»:**

Біздің мақсатымыз: сабаққа белсене қатысу.

Ұранымыз: «Білегі күшті бірді жығады, білімі күшті мыңды жығады».

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру. Әр топқа 2 сұрақтан беріледі.

I топ.

1. Қазақстан қандай мемлекет?
2. Қазақстан қайда орналасқан?

II топ.

1. Қазақстан халқының саны қанша?
2. Қазақстанның бас қаласы қай қала?

III топ.

1. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті кім?

3. Тәуелсіздік бізге қай жылы, қандай оқиғадан кейін келді?

IV. «Тәуелсіз Қазақстан» туралы қосымша мәліметтер беру (слайд бойынша).

1. 1991 жылы 1 желтоқсанда ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев сайланды.

2. 1992 жылы 2 наурызда ҚР БҰҰ мүше болып қабылданды.

3. 1992 жылы 4 маусымда ҚР Жоғары Кеңесі мемлекеттік рәміздерді қабылдады.

4. 1993 жылы 15 қарашада Ұлттық валюта – төл теңгеміз дүниеге келді, ол еліміз өміріндегі елеулі жаңалық, айтулы оқиға болды.

- 30 тамызда жаңа Ата Заң қабылданды.

- ҚР Тәуелсіздігіне 10 жыл.

- Денсаулық сақтау жылы.

- «Ауылды қолдау жылы», «Ресейдегі Қазақстан жылы».

- Қазақстандағы Ресей жылы.

- Ұлы Жеңіске 60 жыл.

- Қазақстан Тәуелсіздігіне 15 жыл.

12. 2007 жыл – қазақ тілін қорғау жылы.

13. 2008 жыл – Астана – Елбасы ерлігі жылы. 1-6 шілдеде Астана қаласының 10 жылдығы.

14. 2009 жыл Германиядағы Қазақстан жылы.

15. 2010 жыл – 28 маусымда Астанада Назарбаев университеті ашылды.

16. 2011 жыл – ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл.

17. 2012 жыл – 1 желтоқсанда тұңғыш Президент күні.

V. Жаңа тақырыпты бекіту кезеңі.

Кезеңнің мақсаты: **алған жаңа мәліметті бекіту.**

Деңгейлік тапсырмалар орындау:

III деңгей. Мәтін бойынша жоспар құру.

II деңгей. Мәтін бойынша диалог құрастыру.

I деңгей (шығармашылық деңгей). Тәуелсіздік туралы, Қазақстан туралы өлең айтып беру.

VI. Ізденушілік жұмыс.

Кезеңнің мақсаты: жаңа тақырып бойынша білімдерін кеңейту, ізденіс жұмыстарын ұйымдастырып, ойлау қабілеттерін дамыту.

Оқушылардың ізденушілік қабілеттерін дамыту мақсатында оқушылар берілген қосымша мәліметтер бойынша бір-біріне кезек-кезек сұрақ қояды.

(I – II топқа, II – III топқа, III – I топқа)

ҮІІ. Грамматиканы қайталау.

Кезеңнің мақсаты: сын есімді қайталау арқылы оқушылардың білімдерін тәжірибемен ұштастыру.

I топ. Мәтін ішінен қатыстық сын есімі бар сөздерді теріп жазу.

II топ. Мәтін ішінен I сөйлемге синтаксистік талдау жасау. (Біз өз Отанымызды сүйеміз, мақтан етеміз).

III топ. Берілген сөздерден сөйлем құрастыру.

Еуразияның, орналасқан, бұл, орталығында, мемлекет.

VІІІ. Өткен тақырыпты тест арқылы бекіту.

1. Қазақстан қайда орналасқан?

- а) Еуразия орталығы;
- ә) Еуропа;
- б) Солтүстік;
- в) Оңтүстік.

2. ҚР Туының түсі қандай?

- А) сары;
- Ә) көгілдір;
- Б) қызыл;
- В) жасыл.

3. Қазақстанның қазіргі астанасы қай қала?

- А) Алматы;
- Ә) Астана;
- Б) Қызылорда;
- В) Жамбыл.

4. ҚР Тәуелсіздігі қай жылы жарияланды?

- А) 1999;
- Ә) 1992;
- Б) 1991;
- В) 1993.

5. ҚР мемлекеттік тілі қай тіл?

- А) қазақ;
- Ә) орыс;
- Б) араб;
- В) ағылшын.

6. Қазақстан халқының саны қанша?

- А) 10 млн;
- Ә) 20 млн;
- Б) 15 млн аса;
- В) 12 млн.

7. Желтоқсан оқиғасы қай жылы болды?

- А) 1990;
- Ә) 1986;

Б) 2001;

В) 1995.

***IX. Сабақты қорытындылау (слайд көрсетіледі).***

16 желтоқсан – Тәуелсіздік алған күн,

Еліміздің басына бақыт құсы қонған күн.

Құтты болсын береке, бүгінгі күн – мерекен

Шаңырағың шайқалмай, мықты болсын керегең! – дей келе: - Балалар, міне, біз қазір кеудемізді бақыт сезімі билеп, «Бұл менің елім, менің жерім, Тәуелсіз Қазақстаным»,- деп жар салып мақтанышпен айта аламыз. Әрине, бұл Тәуелсіздік Туы бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз өз елін, өз жерін сыртқы жаулардан найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған. Сондықтан, халықтың, елдің болашағы Сіздерсіздер, жас ұландар! Бойларыңыздағы патриоттық сезім шынайы болып, туған еліңді, жеріңді, тіліңді, Тәуелсіздігіңді, ата-салтыңды, салт-дәстүріңді сақтауға абыроймен ат салысыңыздар!

***X. Үйге тапсырма.***

I деңгей. «Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбына шығарма жазу.

II деңгей. «Қазақстан. Сын есім» тақырыбына тест құру (10 сұрақ).

III деңгей. «Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбына диалог құру.

***XI. Бағалау.***

**Қорлығайын ХАМЗИНА,**

**Павлодар қаласындағы**

**№5 жалпы орта білім беретін мектептің**

**қазақ тілі мен әдебиеті**

**пәнінің мұғалімі.**

## **СӨМКЕНДЕ НЕ БАР?**

*(1-сынып)*

**Мақсаты:** білімділік – тақырып бойынша оқушылардың сөздік қорын молайтып, оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым әрекеттерін жүйелі іске асыру; **тәрбиелік** – оқушыларды әсемдікке, әдептілікке тәрбиелеу; **дамытушылық** – оқушылардың сауатты оқу, сөйлеу, жазу дағдыларын дамыту. Ол мақсатта ауызша және жазба жұмыстарын жүйелі жүргізу.

**Типі:** ойын сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, аударма, түсіндіру. **Түрі:** оқушылардың білімдерін ойын элементтері арқылы қорыту, жүйелеу сабағы.

**Көрнекілігі:** суреттер, интерактивтік тақта.

**Сабақтың барысы.**

**I. Ұйымдастыру кезеңі:**

а) сәлемдесу;

ә) сыныпты түгелдеу.

Тіл дамыту сұрақтары:

- Балалар, қазір қай жыл мезгілі?

- Күз.

- Қазір қай ай?

- Қараша айы.

**II. Үй тапсырмасын тексеру:**

5-тапсырма, 150-бет.

**III. Жаңа тақырып:** слайд бойынша сөмке суретін көрсету, сұрақ қою.

- Бұл не?

- Бұл сөмке. Сөмкені сипаттау. Сипаттама берген соң екінші слайд көрсетіледі.

- Балалар, біздің тақырыбыз – «Сөмкеде не бар?»

**IV. Сөздік жұмысы:**

*Сөмкеде – в сумке;*

*Не бар? – что есть?*

*Киімдер – одежды;*

*азық-түлік – продукты;*

*сатып алдым – купил (-а).*

1. Сөздерді мұғалім оқиды, оқушылар қайталайды.

2. Оқушылар сөздерді тізбектеп айтып шығады.

3. Ойын арқылы сөздік пысықтау (доп арқылы).

Тыңдалым. Мәтінді оқу.

Мен бірінші сыныпта оқимын. Мынау – сөмке. Менің сөмкемде оқу құралдары, киімдер, азық-түліктер бар. Олар кітап, дәптер, күнделік, қалам, сызғыш, өшіргіш, қарындаш, көйлек, жейде, етік, шалбар, туфли, сүт, шай, май, нан, шұжық, кәмпіт, айран бар.

**Оқылым.**

- Енді, балалар, мәтінді оқимыз.

**Айтылым.**

Мұғалім дайындаған диалогін таратып береді. Сол тапсырманы балалар орындайды. Слайдты көрсету.

- Бұл не?

- Бұл – сөмке.

- Сөмке қандай?

- Сөмке үлкен.

- Сөмкеде не бар?

- Сөмкеде оқу құралдары, киімдер, азық-түліктер бар.

**Сергіту әлемі.**

**Жазылым.** Аударып жаз.

Это – книга.

Это – тетрадь.

Это – ручка.

Это – линейка.

Иә

Да, ручка есть.

Да, книга есть.

Да, линейка есть.

Жоқ

Нет ручки.

Нет книги.

Нет линейки.

«Бар, жоқ» ойынын ойнату. Екі сөмкені алып шығып, бір сөмкеге оқу құралдарын, екіншіге киімдер саламыз да сұрақ қоямыз.

**V. Қорытынды.** Сөзжұмбақ шешу. «Артығын тап».

**VI. Үй тапсырмасын беру.** Сөздерді жаттау.

**VII. Бағалау.**

**Гүлсина ЖАНКАРИНА,**  
**Батыс Қазақстан облысының**  
**Орал каласындағы**  
**А.С.Макаренко атындағы**  
**№6 жалпы орта білім**  
**беретін мектептің**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәнінің мұғалімі.**

## СПОРТ ТҮРЛЕРІ

(4-сынып)

<b>Мақсаты:</b>	Спорт түрлері туралы мәлімет беру. Жаңа сөздерден сөйлем құрастыруға үйрету. Сөздік қорын байыту. Ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Лексикалық тақырып бойынша сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Салауатты өмір салтын насихаттау.
<b>Күтілетін нәтижелер:</b>	- жаңа сөздерді қолдана біледі; - сұрақтарға жауап береді; - қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады; - сөйлем құрап үйренеді; - өз ойын айтуға тырысады; - өз білімін қорытындылайды.
<b>Керекті жабдықтар:</b>	Компьютер, суреттер, бағалау парақтары, сөзжұмбақ, сызбалар.

Сабақ кезеңдері:	Мұғалім әрекеті:	Оқушы әрекеті:
Кіріспе:	<b>1. Сәлемдесу.</b> Психологиялық жағдай туғызу. Шаттық шеңбері. Қайырлы күн, алтын күн! Қайырлы күн, көк аспан! Қайырлы күн, достарым! Қайырлы күн, қонақтарым!	Оқушылар хормен айтады.
	Сабақтың басында көңіл-күйлеріңді смайлик арқылы көрсетіңдер.	
	<b>2. Сұхбаттасу:</b> - Қазір қай жыл мезгілі? - Қыс айларын ата. - Қыста ауа райы қандай болады? - Бүгін аптаның қай күні?	Оқушылардың жауабы. Жұппен жұмыс.
Тұсаукесер.	Үйге берген жаңа сөздерді қайталау. Диалог. Мәтінді мазмұндау. - Балалар, XXII халықаралық қысқы Олимпиада қай қалада өтеді? - Дұрыс, Сочи қаласында. -Бұл Олимпиада қашан басталады? - 7-ақпанда. - Балалар, бұл қысқы Олимпиадаға Қазақстаннан 52 спортшы қатысады. Тақтаға қараңдар, келесі тапсырма.	Сөздерді қайталайды. Формативтік бағалау.  «Бағдаршам»

	<p>Сөзжұмбақ шешу. Соперник – қарсылас; Мяч – доп; Условие – шарт; Перетягивание – тартыс. Сұрақ-жауап: - Балалар, қандай сөз шықты? - Дұрыс, спорт. Бүгінгі сабақтың тақырыбы: «Спорт түрлері». - Балалар, сендер қандай спорт түрлерін білесіңдер? Оқушылардың жауаптары бойынша тірек-сызба жасалады.</p>	
Негізгі бөлім.	<p>Сөздік жұмысы: - хормен айтады; - буынға бөледі; - жуан, жіңішкеге ажыратады; - сөз тіркестер құрастырады. Мәтінмен жұмыс: - екі рет оқиды; - сұрақ-жауап. - Спорт нені шынықтырады? - Ол неге тәрбиелейді?</p>	<p>Оқушылар жауабы.  Балалар сұрақтарды оқып, жауап береді.</p>
	<p>Сергіту сәті. Қимылдар музыка арқылы орындалады. «Қара жорға». Суретпен жұмыс: - Суретте не бейнеленген? - Балалар қандай спорт түрімен айналысады?</p>	<p>Мәтінді оқиды. Сұраққа жауап береді. Өздерін бағалайды. Мәтінді түсінгендері бас бармағын жоғары көтереді,</p>

		түсінбегендері төмен түсіреді.
	<p>Дәптермен жұмыс. Суреттердің көмегімен түрлі сөйлемдер құрастыру. Біздің (мектеп, алаң) бар. Балалар (баскетбол, волейбол) ойнайды. Қанат пен Әлия (коньки, шаңғы) тебеді.</p>	<p>Оқушылар сергіту қимылдарын орындайды.  Оқушылардың жауабы.</p>
	<p>Тапсырма. Қай сөз тіркестерімен сәйкес келеді? Футбол                      Мәреге сырғанап жету, шаңғы тебу.  Баскетбол                      Доп тебу, қақпаға гол соғу.  Хоккей                              Допты қолмен ойнау, торға доп салу.  Шахмат                              Мұзда сырғанау, қақпаға шайба салу.  Шаңғы спорты                      Суда жүзу, мәреге жүзіп жету.</p>	<p>Өлшемдер бойынша өзін-өзі бағалау.  Оқушылар жаттығу жұмыстарын жазады.</p>
Қорытынды:	<p>Суда жүзу                      Мимен ойлану, қарсыла-сына мат қою.</p>	<p>Бірін-бірі тексереді.  «Бағдаршам».</p>

	Топтық жұмыс. Тапсырма. Сөзден және сөз тіркестерден мәтін құрастыру, презентация жасап қорғау.	
	Бірінші топ. Шаңғы. Бүгін Сочи қаласында қысқы Олимпиада ойындары ашылады. Қазақстан жалауын шаңғышы Ердос Ахмадиев көтереді. Бұл Олимпиадада Қазақстаннан шаңғы жарысына 10 спортшы қатысады. Екінші топ. Коньки. Қысқы Олимпиадаға Қазақстаннан 52 спортшы аттанған. Олимпиаданың ашылу салтанатына Н.Ә.Назарбаев қатысады. Мәнерлеп сырғанаудан Денис Тен мен Абзал Рақымғалиев қатысады.	
	Сабақта не істедік, не білдік? - Біз бүгін не туралы айттық? - Сіз қандай спорт түрлерін білесіз? - Сізге қандай спорт түрі ұнайды? - Мына мақалды қалай түсінесіңдер?	
	Бірінші байлық – денсаулық. - Жақсы, деніміз сау болу үшін не істеуіміз керек? - Дұрыс, таңертең тұрғанда жаттығу жасау керек, спортпен айналысу керек.	
	Бүгінгі сабақта сендерге не ұнады? Өз ойларыңды қағазға жазып, «Тілек ағашына» іліндер. Үй тапсырмасы: Жаңа сөздерді жаттау. Мәтінді мазмұндау.	

## Бір тақырыпқа – екі мақала

**Роза ОТАРБАЕВА,**  
Белағаш мектеп-бақшасының  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Ақмола облысы,  
Жақсы ауданы.

## ҚАЗАҚ ДАСТАРҚАНЫ

(10-сынып)

**Мақсаты:** білімділік – оқушыларға қазақ дастарқаны туралы түсінік беру, сөздер арқылы сөз тіркестерді, сөйлемдерді құрастыра білу, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, тақырып бойынша мәтіннен ең негізін таба алу, мәтінді аудармасыз түсіндіруге қалыптастыру; **дамытушылық** – оқушылардың логикалық, ойлау және сөйлеу қабілеттерін дамыту, ауызекі сөйлеу, дұрыс сұрақ қоя білу дағдыларын дамыту, сөздік қорын молайту, сауаттылығын жетілдіру; **тәрбиелік** – тапсырмаларды орындау кезінде топта жұмыс істей білуге тәрбиелеу. Қазақтың дастарқанын қастерлеуге тәрбиелей отырып, қызығушылықтарын арттыру.

**Түрі:** пысықтау сабағы. **Типі:** жаңа сабақты меңгерту, оқушылардың білік дағдыларын меңгерту сабағы. **Көрнекілігі:** интербелсенді тақта, үлестірмелі қағаздар, суреттер, плакаттар. **Қолданылған әдістер:** әңгіме, түсіндіру, сұрақ-жауап, ойландыру, іздендіру, баяндау. **Жұмыс түрлері:** жеке, жұптық, топтық.

**Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, әдебиет, тарих.

**Сабақтың барысы:**

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Әнұран;
2. Кезекшімен тілдесу;
3. Психологиялық дайындық.

Мейірімді жүрекпен,  
Ақпейілді тілекпен,  
Амандасып алайық,  
Бір жадырап қалайық!  
- Амансыз ба, Жер ата!  
- Амансыз ба, Күн ана!  
- Амансыңдар ма, достарым!  
- Сәлеметсіз бе, мұғалім!

II. Үй жұмысын тексеру.

Деңгейлік тапсырмалар:

Мәтінмен жұмыс. Қазақ – қонақжай халық.

I деңгей. Мәтінді мазмұндау.

II деңгей. Мәтінге сұрақтар қою.

III деңгей. Мақал-мәтелдер дайындап келу.

III. Жаңа тақырып:

- Балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы белгісіз. Тақырыпты анықтау үшін сендер сөзжұмбақты шешесіңдер (Сөзжұмбақ).

- Дұрыс. Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Қазақ дастарқаны». (Слайд).

Қазақ халқы өте қонақжай халық. Қонақ келсе, ол дастарқанға барлығын қояды, сыйлап күтеді. Сабақтың ұраны: «Кең дүние тарылса да, қазағымның дастарқаны тарылмасын!». Бұрынғы алған мәліметтерімізді жинақтап, білгенімізді,

сөйлеу, жазу, ойлау әрекеттерімізді жетілдіріп, көрсетуге тырысамыз.

**IV. Диалогтар.**

**V. Сөздік жұмыс.**

- Ал, енді, балалар, біз Қазақстанда тұрғандықтан қазақ ұлттық тағамдарын білуіміз керек. Сендер қандай ұлттық тағамдарын білесіңдер? Кластер.



- Бәрі дұрыс. Бүгінгі сабағымызда ұлттық тағамдарымен тереңірек танысамыз. Сондықтан сөздік жұмысын жүргіземіз.

Сөздік жұмысы. (Слайд).

*Қазы – изысканное кушанье наподобие колбасы из брюшной и ребреной части конской туши;*

*Жал – продолговатое отложение жира на подгивной части конской туши;*

*Жая – мясо, прослоенное жиром;*

*Күлие – лепешка;*

*Кұймақ – олады;*

*Әзірлеу – приготовить;*



*Шұжық – казахская колбаса;*

*Сүзбе – вид курта.*

#### **VI. Топтық жұмыс.**

- Қазақтың ұлттық дастарқанында болатын негізгі тамақтың түрлері (Слайд).

1. Ет тағамдары.
2. Сүт тағамдары.
3. Ұн тағамдары.

Әр топқа жеке тапсырма беремін. Мәтінмен танысып негізгі ойын тауып, өздерің білетіндеріңді қосып, жоба құрып оны қорғайсыңдар.

I топ – «Алтын дән». Ұраны: «Дүниедегі байлық – нан». (Нан тағамдары)

II топ – «Береке». Ұраны: «Ас жүрген жер – береке». (Ет тағамдары)

III топ – «Дастарқан». Ұраны: «Дастарқан» дәмі киелі. (Сүт тағамдары)

(Слайд).

#### **VII. Дастарқан басында айтылатын ырым – тыйым сөздер.**

- Қазақ халқының ырымдары, тыйым сөздері өте көп, сонын ішінде асқа да байланысты тыйым сөздер де бар. Тапсырма: Бірінші бағанадағы ойды екінші бағанадағы сөздермен толықтыру.

Асты жамандамайды.

Қол жумай, асты ішпейді.

Таңертеңгі асты тастама.

Асты қорлама.

Тамақтың ортасынан алма. Өз алдыңнан алып же.

Нанды бір қолыңмен үзбе.

Тамақ үстінен аттамайды.

Аузында тамақ тұрғанда сөйлемейді.

Үйге келген адамдарға дәм тарттырмай шығармайды.

Әкесі бар адам бас ұстамайды.

Дастарқанға бата қайырылмай, ешкім орнынан тұрмайды. (Слайд. Тексеру)

#### **VIII. Тақтамен жұмыс. Фонетикалық талдау.**

Топтық жарыс: «Кім тез және дұрыс фонетикалық талдау жасайды?».

I топ – Бесбармақ сөзі.

II топ – Ірімшік сөзі.

III топ – Бауырсақ сөзі.

**IX. Деңгейлік тапсырма. Дәптермен жұмыс.**  
Видео.

I деңгей. Берілген сөздерді дұрыс байланыстырып, сөйлем құрап жазыңдар. Синтаксистік талдау жасаңдар.

1. Құймақ / ұн/ жасалатын/ таға... .

2. Қуырдақ / мал/сойған/жасалатын/дәм/ тағам.

3. Қазы/ халық / жоғар/ бағалайды.

II деңгей. Көп нүктенің орнына қажетті жалғауды жазыңдар.

1. Бауырсақ - халық ... тым ертеден келе жатқан ұлт ... тағам ... .

2. Қазы- ас дәм ... , сый табақтар ... салатын тамақ.

3. Қымыз – түрлі ауры ... емі.

III деңгей. Керекті сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді аяқтап жазыңдар.

1. Қымыз – қазақ халқының ... .

2. Ол биенің сүтінен ... .

3. Бауырсақ – қазақ дастарқанының ... .

Керекті сөздер: сусыны, қымыз, ажары.

### **X. Бекіту.**

Тест.

1. Ұлттық тағамдар неше түрге бөлінеді?

А. 2;

Ә. 3;

Б. 7.

2. Ет тағамдарына нелер жатады?

А. Қазы-қарта;

Ә. Шұбат, қымыз;

Б. Жент, май.

3. Қазақша ет қандай еттен жасалады?

А. Жылқы, сиыр, қой;

Ә. Шошқа, түйе;

Б. Жент, май.

4. Қазақта неден үлкен нәрсе жоқ?

А. Қонақтан;

Ә. Ауыздан;

Б. Дастарқаннан.

5. Қазақ тіліне тән қанша дыбыс бар?

А. 7;

Ә. 5;

Б. 9.

6. Буын неше түрге бөлінеді?

А. 1;

Ә. 3;

Б. 6.

7. Ұн тағамдарына не жатады?

А. Шұжық;

Ә. Бауырсақ;

Б. Айран.

8. Қазақтың басты тағамы қандай?

А. Шұжық;

Ә. Құрт;

Б. Қазақша ет.

**Кілтi:**

1.Ә. 2.А. 3.А. 4.Б.

5.Б. 6.Ә. 7.Ә. 8.Б.

### **2. Вени диаграммасы.**

Қазақ және орыс халқының ұлттық тағамдарын жазып көрсету.

### **XI. Вени диаграммасын толтыру.**

Қазақ халқының тағамы.....

Ортақ тағам..... Орыс халқының тағамы

Қуырдақ..... нан..... котлет

Қымыз..... ет..... борщ

Шұбат..... қуырады..... квас

Ірімшік..... пісіреді..... кисель

Құрт..... қайнатады..... компот

- Бүгін сендер ұлттық дәстүр жайында айтып, ұлттық тағамдармен танысып, ырым-ғыйымдарды да білдіңдер. Осының бәрі өздігінен орындалмайды, үстелге өздігінен келмейді. Ол үшін көп еңбектену керек. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарының тіленбей» демекші, еңбек етулерің керек. Сендердің еңбек еткендерің – ата-ананың айтқанын тыңдау, орындау, сабақты жақсы оқу. Қазақтың салт-дәстүрі бойынша дастарқанға бата қайырылмай, ешкім орнынан тұрмайды. Сондықтан бізде сабағымызды батамен аяқтаймыз. Әр топтың дайындаған өз батасы бар. Топтарға сөз берейік.

## ХІІ. Баталар.

1. Отбасыңыз мерекелі болсын!  
Дастарқаныңыз берекелі болсын!
2. Дастарқаның мол болсын!  
Қазан – ошағың май болсын!  
Төрт түлігің сай болсын!  
Бала-шағаң бай болсын!
3. Көбейе берсін мал басың!  
Өсе берсін жан басың!  
Үйіңе құт қонып,  
Бақ-береке орнасын!  
Еш жамандық болмасын.

## ХІІІ. Бағалау.

Сабағымыз өз мәресіне жетті. Бүгін сабақта .....

## ХІV. Үй тапсырмасы:

«Қонақ шақыру», «Қонаққа бару» тақырыптарына диалог құрастыру.

## ХV. Ән шашу.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ж.Адамбаева. Тіл ұстарту мәтіндері орыс мектептерінің 5-11-сыныптарына арналған. А., «Рауан», 1997.
2. С.Дүйсебаев, Г.Байтілеуова. Қазақ тілі. 11-сынып. А., «Мектеп», 2007.
3. Қазақ тілі. 8-сынып.

## ҚАЗАҚ ДАСТАРҚАНЫ

**Сабақтың мақсаты:** 1) мәтінді түсініп оқып, сұрақтар бойынша әңгімелеуге; қазақтың ұлттық тағамдары, оның түрлерін біліп, салт-дәстүр бойынша сәлемдесу, әңгімелесу жоралғылары бойынша сөйлесе білуге үйрету. Есімшені қайталап, тапсырмаларды орындау; 2) білімін, сөздік қорын, ой-өрісін, танымдық қабілетін дамыту. Ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Сауаттылығын жетілдіру; 3) қазақтың салт-дәстүрлерін құрмет-теп, кішіпейілділікке, мейірімділікке, бауырмалдыққа, қонақжайлылыққа тәрбиелеу.

**Түні:** аралас сабақ. **Әдісі:** коммуникативтік, сөздік жұмыс, суретпен жұмыс, сұрақ-жауап, ассоциация, деңгейлік жұмыс, тест. **Қолданылған технология:** сыни тұрғыдан ойлау, деңгейлеп оқыту, ақпараттандыру технологиялары. **Көрнекілігі:** «Ұлттық ақпараттандыру орталығы» АҚ электронды оқулығы №4555 (e-learning), актив студия (флипчарттар), суреттер, компьютерлер.

### Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1.1. Сәлемдесу.

1.2. Кезекшімен сұхбат.

1.3. Оқушыларды түгелдеу.

1.4. Сабаққа дайындықты тексеру.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

1. Есімше дегеніміз не?

2. Оның неше шағы бар? Мысал келтіріңдер.

3. Шығармаға тоқталып өту.

III. Жаңа сабақ (сабақтың мақсатымен таныстыру)

1. «Жасырын сурет» ойыны бойынша ұяшықтардағы нөмірлерді айтып, сұрақтарға жауап береді. Сұраққа жауап берген сайын сурет ашылады.

1. Таңғы асқа не жейсің?

2. Сүйікті асың не?

3. Қандай тағамды жеп көрмедің?

4. Қандай тағамды жеп көргің келеді?

5. Қазақтың қандай ұлттық тағамдарын білесің?

6. Қазақтың қандай ұлттық тағамы ұнайды?

«Қазақ дастарқаны» суреті ашылады. Бұл – бүгінгі сабақтың тақырыбы.

2. Сөздік жұмыс:

*Бекер айтпаған – не зря говорится;*

*Ерекше мән берген – особое внимание уделял;*

*Ежелгі дәстүр бойынша – по древней традиции.*

Жаңа сөздермен бірнеше сөйлемдер құрастыру.

Қазақ дастарқанында әрқашанда бата берілетіндігі айтылады. Оқулықтың 98-бетіндегі батаға тоқталып өтіледі.

Отбасыңыз мерекелі болсын!

Дастарқаныңыз берекелі болсын!

2. Суретпен жұмыс.

- Суретте не көріп тұрсындар?

- Қазақ дастарқанында не бар?

- Ұлттық тағамдар қандай түрлерге бөлінеді?

(келесі флипчарт беттерінде ет, сүт, нан тағамдары көрсетіледі)


3. Мәтінді оқып, мазмұнын түсініп, айтып беру.

IV. Бекіту. Оқулықпен жұмыс. Деңгейлік жұмыс.

1-деңгей.

Тапсырма. Мәтіннен есімшелерді табыңдар.

2. Сызбаны пайдаланып, палауды әзірлеу үшін қандай тағамдар керек екенін айтып беріңдер. (Палауға қажетті сөздерді жылжыту арқылы «Палауды пісіру үшін не керек?» сөзінің үстіне түседі де, қажет емес сөздер артына кетеді).



2-деңгей.

2. Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құраңдар.

**Берілетін сый, тамақ пісіретін, баратын үйіміз, күтілетін қонақ.**

3. Берілген сын есімдер мен зат есімдерді мағынасына қарай тіркестіріп жазыңдар.

**Сын есімдер:** жұмсақ, ыстық, сүрленген, тұзды, қою, майлы, дәмді, қатты, жас.

**Зат есімдер:** ет, нан, тамақ, сорпа, шай, қазы, шелпек.

3-деңгей.

1. Электрондық оқулықтағы 4, 5-тапсырмаларды орындаңдар. «Ұлттық ақпараттандыру орталығы» АҚ электронды оқулығы №4555 (e-learning). (бірнеше оқушы компьютерлерде жұмыс жасайды).

2. Сен мұны қазақша айта аласың.

1. Біреудің көңіл күйі туралы қалай сұрайсың?

2. Досыңды, танысыңды қонаққа қалай шақырасың?

3. Қонағыңды қалай қарсы аласың, не деп айтасың?


4. Дастарқанға қалай шақырасың?

5. Қандай тілек айтасың?

Ү. Қорытынды. Жаңа сабақ бойынша сұрақтар қойып, білімін бекіту.

1. Тест. Ұлттық ақпараттандыру орталығы» АҚ электронды оқулығы № 4555 (e-learning).

2. Ассоциация. «Қазақ дастарқаны».



ҮІ. Бағалау.

Үй тапсырмасы, жаңа сабақ және тест тапсырмалары бойынша оқушылардың білімін бағалау.

ҮІІ. Үйге тапсырма: 98-бет.

1. Көп нүктенің орнына қажетті әріптерді қойып жазыңдар.

2. Дастарқан батасын жаттау.

3. Жаңа сөздер.

Әдістеме әлемінде: қазақ тілі

Гүлзада БАЙТЕМІРОВА,  
Рождественка жалпы орта  
білім беретін мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Павлодар облысы,  
Павлодар ауданы.

## ҚАЗАҚ САЗГЕРЛЕРІ

(7-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** 1) «алып, әділетсіздік, озбырлық, қажымас, қайрат» сөздерін қайталау арқылы тұлғаның белсенді сөздік қорына енгізу және қазақ сазгерлерімен таныстыру; 2) тақырып бойынша өз ойын айта алу, музыка жанрлары мен сүйікті сазгерлері туралы сөйлесу дағдыларын дамыту; 3) өнерге, музыкаға деген құрмет сезімін тәрбиелеу.

**Типі:** жаңа білім беру сабағы. **Оқыту әдістері:** көрнекілік, сөздік, практикалық, кітаппен жұмыс. **Көрнекіліктері:** суреттер, тапсырмалар парағы, бағалау парағы. **Оқыту формасы:** жеке, жұптық. **Пәнаралық байланыс:** ән-күй, қазақ әдебиеті, қазақстан тарихы.

**Құрылымы:**

Ұйымдастыру кезеңі (2-3 минут).

Операциялық кезең:

Жаңа ақпаратты өздігінен меңгеру: тыңдалым, оқылым (5-10 мин.)

Тапсырмаларды орындау 25-20 минут.

Сабақтың қорытындысы 5-минут.

**Сабақтың барысы:**

**Ұйымдастыру кезеңі:**

1) Сәлемдесу.

2) Кезекшімен сұхбат.

Үй тапсырмасын тексеру:

Фронталды сұрау (интербелсенді тақтада көрсетілген халық аспаптарын атау).

**Жаңа сабақ.**

Сөздікпен жұмыс. Берілген сөздерді оқып, олармен сөз тіркестерін, сөйлемдер құрау.

*Алып – великий.*

*Әділетсіздік – несправедливость.*

*Озбырлық – насилие.*

*Қажымас – неумолимый.*

*Қайрат – сила.*

I. Тыңдалым:

Құрманғазы Сағырбаев (1806-1879)

Құрманғазы Сағырбаев – күйші, композитор, домбырашы, халық аспаптар музыкасының алыбы әрі классигі. Құрманғазының бүкіл өмірі мен шығармашылығы әлеуметтік әділетсіздік пен озбырлыққа қарсы күрес жолында өтті.

Құрманғазы «Алатау», «Сарыарқа», «Адай», «Ақсақ киік» сияқты күйлер шығарған. Бұл күйлерінде күйші халықтың арманы, қажымас қайрат-жігерін суреттеген.

Хамит Ерғалиев «Құрманғазы» атты поэма жазды. М.Кенбаев Құрманғазының портреттік бейнесін жасады.

Тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Құрманғазы Сағырбаев кім?

2. Құрманғазының күйлері.

3. «Құрманғазы» атты поэманы кім жазды?

4. Құрманғазы атымен Алматыда не аталады?

5. Құрманғазының портретін жасаған суретші.

Сұраққа дұрыс жауап – 1 ұпай, егер жауап дұрыс болмаса – 0 ұпай.

Тыңдалым бойынша жоғары ұпай – 5 ұпай.

II. Оқылым. Жоғары ұпай – 5.

**Күй анасы – Дина**

Атақты күйші композитор – Дина Нұрпейісова 1861 жылы қазіргі Орал облысы, Жаңақала ауданы, Бекетай құмында қарапайым шаруаның отбасында туған. Әкесінің аты Кенже болған. Динаның музыкаға зеректігі ерте байқалған. Жеті-сегіз жасында қолына домбыра ұстаған. Тоғыз жасында Құрманғазымен танысады.

Дина өз заманының белгілі күйшілерімен кездеседі. Олар: Ұзақ, Түркеш. Осы күйшілердің шығармаларымен танысады.

1888 жылы Құрманғазы Динаға: «Менің күйлерімді кейінгі ұрпаққа жеткіз», – деп өз домбырасын ұсынған. Дина ұстазының өсиетін орындады.

Динаның кең тараған күйлері: «Әсемқоңыр», «Тойбастар», «Ана бұйрығы», «Бұлбұл».

**Бағалау өлшемдері:**

1. Мәтінді дауыс ырғағын, фонетикалық және орфоэпиялық ережелерді сақтай отырып, мәнерлеп оқыса – 5 ұпай.

2. Дауыс ырғағын сақтап, фонетикалық тұрғыда 1-2 қате жіберіп, орфоэпиялық ережелерді сақтай отырып, мәнерлеп оқыса – **3 ұпай**.

3. Дауыс ырғағын, орфоэпиялық ережелерді сақтамай, фонетикалық тұрғыда 3 қате жіберіп, жүргізіп оқыса – **1 ұпай**.

### III. Жазылым.

#### Тапсырма парағы

Оқушының аты-жөні		
Тапсырмалар	Тапсырмаға берілетін ұпай	Оқушының жинаған ұпайы
1-тапсырма. Сөйлемдердегі кірме сөздерді тауып, астын сызыңыз. а) М.Төлебаев –композитор, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. ә) Ол 1942-1944 жылдары қазақ халық аспаптары оркестрінің дирижері болды.	1 сөз – 1 ұпай 5 ұпай	
2-тапсырма. Сөздерді сәйкестендіріңдер. <i>Зерттеу</i> <i>дирижері</i> <i>Ұлттық</i> <i>сазгер</i> <i>Белгілі</i> <i>еңбектері</i> <i>Оркестр</i> <i>аспаптар</i>	1 сөз – 1 ұпай 4 ұпай	
3-тапсырма. Берілген сөздерді сөз құрамына талдаңыз. домбырашы, қазақтың, еңбектері	1 сөз – 1 ұпай 3 ұпай	

Сергіту сәті: «Адасқан әріптер» ойыны: «быдорма», «ызысбығ», «бызоқ», «генжіте», «пзаудаыл».

Сабақты бекіту.

### IV. Тілдесім. Жоғары ұпай – 5 ұпай.

Тапсырма. Берілген суретке досыңмен сұхбат құрастыр.

Көмекші сөздер мен сөз тіркестері: дирижер жетекшілігімен, домбыра, халық әншісі, халық аспаптары оркестрі, қобыз, кең, жарық зал, көңілді әуен.

### V. Айтылым – 10 ұпай.

Кесте бойынша қазақ сазгерлері туралы әңгімелеңдер.

№	Қазақ сазгерлері	Өмір сүрген жылдары	Шығармалары, еңбектері
1.			
2.			

Сабақты қорытындылау. Рефлексия.

Бүгін сабақта қандай сазгерлер туралы білдіңдер?

Бағалау.

Үйге тапсырма:

1. Сөздікті жаттау.

2. «Мемлекеттік, аспаптар» сөздеріне морфологиялық талдау.

3. «Қазақ композиторлары» тақырыбына реферат.

Барлығы: 36 ұпай. Бағалау:

«3» – 15-тен 24 ұпайға дейін (50% және одан жоғары, 74 пайыз)

«4» – 25-тен 29 ұпайға дейін (75% және одан жоғары, 94 пайыз)

«5» – 30-36 ұпай (95-100%)

Айнұр СҰРАУОВА,  
№250 мектеп-лицейдің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Қызылорда облысы,  
Қармақшы ауданы.

## АДАЛ ДОС

(6-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушыларға дос, достық туралы әңгімелей отырып, олардың достық қарым-қатынасын нығайту. Достық туралы түсініктерін кеңейту; **дамытушылық** – оқушыларды адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу, өзімшілдіктен, менмендіктен, тағы басқа жаман әдеттерден аулақ жүруге үйрету. Дос болуды, достарын тани білуге, түсінуге үйрету; **тәрбиелік** – оқушылардың адамгершілік қасиеттерін, бір-біріне деген достық сезімдерін нығайту.

**Түрі:** жаңа сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, пікірлесу. **Көрнекілігі:** достық туралы мақал-мәтелдер, ұлағатты сөздер, интерактивті тақта.

### Сабақтың барысы.

#### I. Ұйымдастыру кезеңі:

Сәлемдесу, түгелдеу.

Сынып тазалығын тексеру.

Оқушылардың сабаққа даярлығын тексеру.

#### II. Үй тапсырмасын тексеру.

«Сықырлы сандық» ойыны арқылы тексеру.


6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Сенің досың бар ма?
2. Оның аты кім?
3. Досың неше жаста?
4. Нешінші сыныпта оқиды?
5. Ол қалай оқиды?
6. Оның мінезі қандай?
7. Ол немен шұғылданады?
8. Ол қандай дос?

Грамматикалық тақырыптардан пысықтау сұрақтары беріледі?

### III. Жаңа сабақ.

Айнымас дос деген адал дос деген түсінікті де береді. Досы уәдесіне берік болса, қандай жағдайда да досымен бірге болса, қолынан келген көмегін аямаса, оның көңілін көтеріп жабырқағанда қасынан табылса, ол – әрине, айнымас дос.



*Айнымас досы бар адам – ең бақытты адам дегенді қалай түсінесіңдер?*



(Оқушылардың алдарына плакаттар беріледі, оқушылар сұраққа сурет арқылы жауап бере алады.)

**Сөздікпен жұмыс:**

*жайбарақат – не спеша;*

*қорқу – бояться;*

*сырқат – больной, болезнь;*

*айқайлау – кричать;*

*төбет – пёс, собака;*

*шыбық – прут;*

*қашу – убежать, избегать;*

*ұмтылу – ринуться, устремляться вперёд.*

**IV. Сабақты бекіту.**

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, аударындар. Мазмұнын айтып беріңдер.

**2-тапсырма.** Сөз тіркестерін дұрыс құраңдар.

Көше бойы (К.с.)

Аблан (І.с.) шалбары (Ш.с.) жұлқылау

Бір үйдің жаны (Ш.с.)

Аблан (Т.с.) құтқару

Жер (Ш.с.) алу

Ит (Ш.с.) қорғау

Ит (Б.с.) қарсы ұмтылу

**3-тапсырма.** Мәтін бойынша сөйлемдердің дұрыс-бұрысын анықтаңдар.

**4-тапсырма.** Суретке қарап, досыңның отбасы туралы әңгімелеп беріңдер.

**Керекті сөздер:** орман, саңырауқұлақ, гүлдер, жинау, алау, тұтату, дастарқан жаю, демалу.

**5-тапсырма.** Мәтінді қазақ тіліне аударындар.

**Подруги**

Жанар и Алия – подруги. Они учатся в одной школе, в одном классе. Они – отличники учёбы. Они активно участвуют в школьной жизни, уважают старших, помогают младшим. Родители гордятся ими.

**6-тапсырма.**

Берілген сөздерді сөз құрамына қарай талдаңдар. Олардан сөйлемдер құраңдар.

*Сабырлы, ұқыпты, шыдамды, ақкөңіл, сенімді, әдепті, ашулы.*

**V. Сабақты қорыту.**

(Оқушылар ортаға шығып, «Шаттық шеңберін» құрып, өлеңді жатқа оқиды).

**«Шаттық шеңбері»**

Күнде шат, күліп күн,

Шаттанамыз бәріміз.

Өміріміз көңілді,

Мәңгілік достықпен,

Мақтанамыз бәріміз.

**VI. Үй тапсырмасы:**

1) «Адал дос» тақырыбына әңгіме жазу;

2) «Дос» туралы мақал-мәтел жазу.

**VII. Бағалау.**

Бақкүл КӨРПЕБАЕВА,  
Д.М.Карбышев атындағы  
Первомай жалпы білім беретін орта  
мектеп-балабақша кешенінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Шемонаиха ауданы.

## ӨЗ МЕКТЕБІМ

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – мектеп туралы алған білімдерін тексеру, морфологиялық талдау жасауға үйрету; **дамытушылық** – ой-өрісін арттыру, сөздік қорларын байыта отырып, өз ойын жеткізе алуға дағдыландыру. Оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру. Тестімен жұмыс істеу дағдысын дамыту; **тәрбиелік** – өзінің оқитын мектебіне, мұғалімдеріне, сыныптастарына деген сүйіспеншіліктерін дамыту.

### I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Сәлемдесу. Сыныпты түгелдеу.
  - Қайырлы күн, Лена.
  - Қайырлы күн, Карина.
  - Барлықтарыңызға қайырлы күн!
2. Сабакқа бейімдеу. Тілдік жатттығу:
  - Сенің тегің кім?
  - Сен нешінші сыныпта оқисың?
  - Қазақстан қандай ел?

- Қазақстанның қай жерінде тұрасың?
- Сенің ұлттың кім?
- Сен сыныпта кіммен отырасың?
- Сен қай мектепте оқисың?
- Сен қайда тұрасың?
- Сен неше жастасың?

**II. Аудирование:** «Мектеп кітапханасында».

**III. Үй жұмысын сұрау.**

**IV. «Кезекші»** өлеңін мәнерлеп оқып, жаңа сөздер көмегімен аудару.

**Жаңа сөздер:**

*Дайындау – подготовить;*

*Сүрту – вытирать;*

*Құю – лить;*

*Жинау – убирать;*

*Тазарту – чистить;*

*Жуу – мыть;*

*Қуу – знать.*

Өлеңде кім туралы айтылған? Өлеңге атау беру. Өлеңнен қазақ тіліне тән дыбыстарды тауып, ауызша фонетикалық талдау жасау.

Дайындаймын картаны,

Сүртем тақта, партаны.

Гүлдерге су құямын,

Қоқыс болса, жиямын.

Кезекшімін мен енді,


Тазартамын еденді.

Терезе, есік жуамын,

Шаң, тозанды қуамын.

(Ш.Мамасерікова.)

**V. Кластер:** «Кезекші» сөзіне ассоциация жазу арқылы бүгінгі сабақтың тақырыбын анықтау:



**VI. Жаңа сабақ:**

Сонымен бүгінгі сабақтың тақырыбы: Мектеп.

1. Кітаппен жұмыс: кесте бойынша «Мектеп» тақырыбына әңгіме құрастыру. 5-сынып, 24-бет №4.

Мектеп

Орна- ласқан көшесі қандай?	Қан- дай?	Неше қабатты?	Қандай пән кабинеттері бар?	Қалай ағалады?	Неше оқушы оқиды?

2. «Дұрыс» па, «Бұрыс» па ойыны?

- Мектеп 2 қабатты.
- Мектепте 200 оқушы оқиды.
- Мектепте кітапхана жоқ.
- Мектепте балабақша бар.
- Мектеп 1992 жылы салынған.
- Мектеп Новая көшесінде орналасқан.

**VII. Сергіту сәті: «Қара жорға» өлені.**

**VIII. “Баламасын тап” ойыны:** (1-қатардағы сөздердің баламасын 2-қатардан табу).

Жалқы –	Простые
Жалпы –	Сложные
Деректі –	Непроизводные
Туынды –	Производные
Дара –	Нарицательные
Жанды –	Собственные
Дерексіз –	Одушевленные
Күрделі –	Неодушевленные
Негізгі –	Конкретные
Жансыз –	Абстрактные

**IX. Доппен ойнау.** Допты қағып алған балалар мына сұраққа жауап беру керек:

Етістік тұлғасына қарай:


Мағынасына қарай:

Іс-әрекеттің

орындалуына қарай:

Объектісіне қарай:

Құрамына қарай:



**X. Тест 5 сұрақтан тұрады.**

1. Етістік нені білдіреді?

а) заттың қимылын;

ә) заттың атын;

б) заттың санын;

в) заттың сынын.

2. Етістік қандай сұрақтарға жауап береді?

А) неше? нешінші?

Ә) не істеді? не қылды?

- Б) неліктен? не себепті?  
В) нелер? кімдер?  
3. Күрделі етістікті белгілеңіз?  
А) жасап отыр;  
Ә) жасаңдар;  
Б) жасайды;  
В) жасады.

4. Туынды етістікті табыңыз?  
А) оқы;  
Ә) жаз;  
Б) ойла;  
В) отыр.

5. Етістіктің шақтарын атаңыз:  
А) анықтауыш, толықтауыш;  
Ә) атаулы;  
Б) толымды, толымсыз;  
В) осы, келер, өткен шақ.

**Тесттің кілті:**

1. а. 2. ә. 3. а. 4. б. 5. в.

XI. Мына сөйлемдерге морфологиялық талдау жаса:

*Біздің мектептің оқушылары балабақшаға көмектеседі.*

*Балабақшаға ауыл жұмысшыларының балалары барады.*

*Мектептің үшінші қабатында кітапхана орналасқан.*

XII. “Қоржында не бар?” ойыны (қоржындағы әріптерден сөз құрастыру)


Е Ғ К Т П Ш  
А У Б  
Ы Ұ Л  
О Қ І

**Жауабы:** мектеп, оқушы, мұғалім, сабақ.

**XIII. “БИНГО” ойыны. Ойынның шарты:**  
берілген сөздердің ішінен 5 сөзді теріп жазып алады, мұғалім сөзді оқығанда, сәйкес келген сөзді сызып тастап отыру керек, кім бірінші болып 5 сөзді сызса, сол бала «бингоны» ұтып алады.

- Жазу –
- Келу –
- Алу –
- Беру –
- Аудару –
- Оқу –
- Бару –
- Айту –
- Қарау –
- Бастау –

**IX. Сонымен “Мектеп” туралы не білдің?**  
(«Мектеп» тақырыбы бойынша үйренген сөздерімен сызбаны толтыру).



**Х. Үй жұмысы:** «Менің сүйікті мектебім» тақырыбына шағын шығарма жазуға дайындық. Зат есім, етістікті қайталау.

**XI. Рефлексия.** Бүгін сабақта..... Сегодня на уроке...

- Мен осы сабақтан не алдым?..... Что нового узнал(-ла)?..

- Қойған мақсатыңа жеттің бе? Неге жеткен жоқсың? ..... (-Достиг(-ла) ли цели? Почему не достиг?..)

- Мен өзіме қанағаттанамын (қанағаттанбаймын), өйткені .....

- Я доволен (недоволен) собой, потому что...

**XI. Бағалау.**



Айсұлу СӘРСЕНБАЕВА,  
Қостанай облысының  
Лисаков қаласындағы  
№6 орта мектептің мұғалімі.

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

(10-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – тақырып төңірегінде оқушылардың білімдерін кеңейту;

**дамытушылық** – оқушылардың жоба жасау талаптары мен жұмыс істеу қабілеттерін арттыру;  
**тәрбиелік** – қазақ халқының салт-дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелеу.

**Жоба қатысушылары:** 10 «А» сынып оқушылары.

**Жобаны орындалу мерзімі:** 2 апта.

**Типі:** ұзақ мерзімді, топтық, шығармашылық.

**Жобаның өнімі:** жарнама плакаты, презентация, бейнефильм, фотоколлаж.

**Негізгі сұрақ:**

Қазақ халқының салт-дәстүрлерін не үшін білу керек, қазіргі уақытта олар пайданылады ма және олар қажетті ме?

**Жобаның мақсаты:** Жоба арқылы қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы толық мағлұмат беру.

**Шығармашылық топтар:**

1. Шілдеhana тойы.
2. Бесікке салу тойы.
3. Қырқынан шығару тойы.
4. Тұсау кесу тойы.

**Сабақтың барысы:**

1. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу, отырғызу.
2. Тіл дамыту кезеңі.

Оқушылар берілген тірек-сөздер арқылы сұрақтарды құрастырып бір-біріне қояды.

*Мысалы:* Мектеп – Сен қай мектепте оқисың? немесе Сен оқитын мектеп қайда орналасқан? және т.б. Тірек-сөздер: *мемлекет, қыс, мемлекеттік*

*тіл, мереке, ұлт, дәстүр, ақын, заң, үй, ауа райы, астана, галым, мақал.*

### **3. Қызықтыру кезеңі.**

*Кілтті сөздер:* салт-дәстүр, тойлайды, қонақ, көңілді.

*Еркін жазу* стратегиясы арқылы кілтті сөздерді қолданып, шағын әңгіме жазу.

Жазып болғаннан кейін шығарманы тақтаға шығып, авторы орындығы арқылы оқу.

**Сабақтың тақырыбы мен мақсаты анықталады.**

Мұғалім, ең алдымен, нұсқаулы кәртiшкелердi үлестiредi, олардың қалай толтырылатынын түсiндiредi.

Оқушылар сабақ бойы нұсқаулы кәртiшкелердi толтырады.

### **4. Жобаны ұйымдастыру кезеңі.**

- Оқушылар төрт топқа бөлінеді (күн бұрын бөлініп отырады).

- Жобаның тақырыбы анықталады.

- Әр топ алдын ала өз тақырыбын таңдап алады.

1-топ – Шiлдехана тойы.

2-топ – Бесiкке салу тойы.

3-топ – Қырқынан шығару.

4-топ – Тұсау кесу тойы.

- Әр топ өз мақсатын қояды.

**Керекті сөздер:** түсiндiрiп беру, айтып беру, түсiнiк беру.

Мысалы:

1-топтың мақсаты – *Шiлдехана тойы туралы түсiндiрiп беру.*

2-топтың мақсаты – *Бесiкке салу дәстүрi туралы айтып беру.*

3-топтың мақсаты – *Қырқынан шығару салт-дәстүрi туралы толық мағлұмат беру.*

4-топтың мақсаты – *Тұсау кесу тойы туралы туралы түсiнiк беру.*

Мұғалiм бағалау парақтарын үлестiредi және нұсқама өткiзедi.

### **5. Жобаның құрылымдылық кезеңі.**

Мұғалiм оқушылармен бiрге нұсқаулы кәртiшкелердi толтырады.

Жоспардың бiрiншi, екiншi кезеңдерi алдын ала жасалады.

Оқушылар нұсқаулы кәртiшкелердi толтырады:

Жоспар құрастырады.

#### **1. Ақпаратты жинау:**

а) интернетті қолдану;

ә) энциклопедияны қолдану;

б) түрлі анықтамаларды, кітаптарды қолдану.

#### **2. Топта міндеттерді бөлу:**

а) ақпаратты, тапсырмаларды іздеу;

ә) суреттерді, фотоларды жинау;

б) қосымша материалдарды (мақалдарды, өлеңдерді, жұмбақтарды) жинау;

в) шығармашылық материалды іздеу.

#### **3. Жобаны жасау:**

- а) жобаның түрін анықтау;
- ә) жобаның тұсаукесерін дайындау.

#### **4. Жобаны қорғау.**

#### **5. Жобаны бағалау.**

6. Технологиялық кезеңі.

Жобаны қорғау. Оқушылар күн бұрын дайындалған материал арқылы жобаны қорғайды (әр топ жобаны 2 минут қорғайды).

1-топ өз жобасын қорғап болғаннан кейін, оқушылар және мұғалім бағалау парақтарын толтырады.

*Практикалық бөлім:* 1-тапсырма – **аудармашылар.**

Онлайн сөздіктерді пайдаланып, берілген мәтінді қазақ тіліне аудару – 3 минут.

2-топ өз жобасын қорғап болғаннан кейін, оқушылар және мұғалім бағалау парақтарын толтырады.

*Практикалық бөлім:* 2-тапсырма – **тілшілер.**

Жоба бойынша тақырыпқа сай сұрақтар құрастырылып бір топқа қойылады.

Мысалы: 1-топ – Шілдеhana тойы.

- Шілдеhana қандай дәстүр?
- Бұл дәстүр нені білдіреді?
- Шілдеhanаны қашан өткізеді?
- Бұл дәстүрді кім жасайды?

3-топ өз жобасын қорғап болғаннан кейін, оқушылар және мұғалім бағалау парақтарын толтырады.

*Практикалық бөлім:* 3-тапсырма – **ақындар.**

Берілген жобаның тақырыбы бойынша бес жолды өлеңді құрастыру.

4-топ өз жобасын қорғап болғаннан кейін, оқушылар және мұғалім бағалау парақтарын толтырады.

*Практикалық бөлім:* 4-тапсырма – **құттықтау хатты жасау** (компьютер арқылы).

**7. Бағалау.** Бағалау парақтары бойынша оқушылардың жұмысын бағалау.



**Индира БАЙСАРИЕВА,**  
Алматы қаласындағы  
**Ораз Жандосов атындағы**  
**№ 105 гимназияның**  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## **БІЗДІҢ МЕКТЕП**

*(5-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** **білімділік** – өткен тақырыптарда алған білімдерін тиянақтау, оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге үйрету,

дағдыландыру; **дамытушылық** – оқушылардың сөздік қорын молайту, сөйлеу тілін дамыту, сөйлемді дұрыс құруға баулу, дағдыландыру, дамыту; **тәрбиелік** – мектеп ережелерін сақтауға, мектепке, білімге, тәртіпке деген көзқарастарын қалыптастыру, сүйіспеншіліктерін арттыру.

**Түрі:** тіл дамыту.

**Әдіс-тәсілдері:** айтылым, тыңдалым, жазылым, тілдесім, сұрақ-жауап, т.б.

**Көрнекілігі:** техникалық құралдар: интерактивті тақта, компьютер, мектеп туралы слайдтар.

**Сабақ барысы.**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**

(Сәлемдесу, кезекшімен сұхбат, т.б.)

**II. Кіріспе сөз.**

- *Біздің мектепке биыл неше жыл болды?*

- *Биылғы оқу жылында мектебімізде қандай жаңалықтар, өзгерістер болды?*

Қазір мектебіміз туралы бейне сюжетті көрейік.

**Топтық жұмыс:**

1. Жоба.
2. Мақал-мәтелдер.
3. Тақпақтар.
4. Сұрақ-жауап (сұхбат).
5. Жаттығу жұмыстары.
6. Топтама жасау.
7. Сөзжұмбақтар.
8. Жұмбақ шешу.

I. Әр топқа төмендегідей тақырыптар беріледі де, сол тақырыптар бойынша әр топ жоба құрып, өз тақырыптарын қорғайды.

I топ. Алтын ұя – мектебім.

II топ. Біздің асханамыз.

III топ. Оқу бөлмелері (кабинеттер)

IV топ. Біздің кітапхана.

**Айтылым әрекеті.**

II. Мектеп, оқу, білім туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер? (Топтағы оқушылар өздері білетін мақал-мәтелдерін айтады).

III. Мектеп, білім туралы қандай ақын-жазушылардың өлеңдерін білесіңдер? (Топтағы оқушылар өздері білетін өлең, тақпақтарын жатқа айтады).

IV. Сұрақ-жауап (сөйлесім әрекеті)

Әр топ өз тақырыптары бойынша бір-бірлеріне сұрақ қойып, сол сұрақтарға жауап береді.

V. Жаттығу жұмыстары.

Әр топ өз тақырыптары бойынша сөйлемдер құрастырып тақтаға жазады. Сөйлемдеріндегі сан есім, күшейтпелі шырай, сын есімдерді тауып, астын сызады, оқиды.

I топ. Сан есімдерге сөйлем құрастырады.

II топ. Сын есімдерге сөйлем құрастырады.

III топ. Күшейтпелі шырайларға сөйлем құрастырады.

V топ. Есептік сан есімдерге сөйлем құрастырады.



## VI. Топтама жасау (кластер).

Әр топ өз тақырыптары бойынша топтама (кластер) жасайды, оқиды, әңгімелейді.

VII. Сөзжұмбақ. Оқушыларға проблемалық сұрақтар беріледі:

1. Қазір қандай сабақ?
2. Қазақ тілі қандай тіл?
3. Біздің еліміздің мемлекеттік тілі қай тіл?

Оқушылардың барлығына бірдей «Қазақ тілі сабағында» тақырыбы бойынша он тоғыз сөзден тұратын сөзжұмбақ беріледі. Сөзжұмбақтағы орыс тілінде берілген сөздерді оқушылар қазақша жазады.

VIII. Мектеп, оқу, білім, оқу құралдары туралы жұмбақтарды шешу.

Қай топтың оқушылары жұмбақтың шешімін дұрыс тапса, сол топтың ұпай саны көбейеді.

1. Білімнің дәнін терді,  
Балаға тәлім берді. (Ұстаз)
2. Жазу жазып жалықпаған,  
Жаза-жаза арықтаған. (Бор)
3. Қабат-қабат қаттама,  
Ақылың болса аттама. (Кітап)
4. Бір үйде көп бала,  
Біреуі – көк бала,  
Біреуі-қызыл бала,  
Біреуі – қара бала,  
Біреуі – сары бала.

(Түсті қарындаштар)

5. Білерімнің куәсі,  
Білмесімнің куәсі.  
Іші толған қолтаңба,  
Алып шығам әр таңда.

(Күнделік)

6. Жаны жоқ болса да,  
Ақылды адамның ісін істейді.

(Кітап)

7. Өшірді, сұртті,  
Өзгені құртты,  
Өзін де құртты.

(Өшіргіш)

8. Аппақ дала, қара дән,  
Сепкен дәнін түсінуге жараған.

(Әріптер)

**Қорытындылау:** топтардың жауаптарын бағалап, жеңімпаз топты анықтау, мадақтау.

**Үйге тапсырма:** «Мектеп» тақырыбына байланысты өткен жаңа сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып эссе жазып келу.

### Рефлексия.

- Балалар, бүгінгі сабақтан не білдіңдер?
- Не үйрендіңдер?
- Өздеріңе пайдалы не алдыңдар?

Акерке СЫЗДАҒАЛИНА,  
№2 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Ақмола облысы,  
Есіл қаласы.

## МЕНИҢ ОТБАСЫМ

(7-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушыларға отбасы мүшелерін құрметтеу маңызды екенін түсіндіру, сұраулы сөйлем туралы түсінік беру; **тәрбиелік** – оқушылардың ауызекі сөйлеу қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту; **дамытушылық** – оқушыларды әдептілікке, сыйластыққа, үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу.

**Түрі:** дәстүрлі сабақ.

**Әдіс-тәсілі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелесу, іздену.

**Көрнекілігі:** оқулық, тірек-сызба.

**Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті, әлеуметтану.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі:**

*1. Оқушылармен сәлемдесу.*

- 2. Оқушылардың зейіндерін сабаққа аудару.*
- 3. Оқушылардың сабаққа қатысын тексеру.*
- 4. Оқушыларға сабақтың тақырыбы мен мақсаты туралы хабарлау.*

### II. Жаңа тақырыпқа кіріспе.

- Ы.Алтынсариннің «Бұл кім?» өлеңін түсініп оқындар. Кім туралы жазылған?

- Отбасында тағы кімдер бар?

Ата-аналарың отбасында қандай рөлді атқарады?

- Жұмбақтарды шешіндер (1-тапсырма).

- Сенің атаң, әжең бар ма?

Олар туралы не білесің?

- Мақалдарды оқып, есте сақтаңдар.

\* Қартың болса, жазып қойған хатпен тең.

\* Ағасы бардың жағасы бар,

Інісі бардың тынысы бар.

### III. Сұрақ-жауап.

- Сөйлем деген не?

- Айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлерін атаңдар: хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты.

**Сұраулы сөйлем** – бір нәрсе жайында сұрап білу мақсатында айтылатын сөйлем. Сөйлем соңында сұрау белгісі қойылады (тірек-сызба).

#### Жасалу жолдары

1. Сұрау есімдіктері арқылы: кім? не? қандай? қашан? қалай?

2. Сұраулық шылаулар арқылы: ма, ме, ба, бе, па, пе, ше.

3. Оқшау, көмекші сөздер арқылы: ә, сірә, шығар.

4. Интонация арқылы: - Астанадан?

Мысалы:

Сенің отбасыңда қанша адам бар?

Оның отбасы үлкен бе?

Отбасы үлкен шығар?

#### **IV. Сабақты бекіту:**

Тапсырмаларды орындау.

- «Әженің таңдануы» мәтінінен сұраулы сөйлемдерді табыңдар, олардың жасалу жолдарын анықтаңдар.

- «Менің отбасым» тақырыбына диалог құрастыру. Сұраулы сөйлемдер қалай жасалған?

#### **Тест сұрақтарына жауап беріңдер:**

1. Сөйлемді толықтырыңдар.

*Біздің отбасымыз .... өмір сүреді.*

а) үлкен;

ә) тату-тәтті;

б) қанша;

в) оныншы.

2. Сұраулық шылау арқылы жасалған сөйлемді табыңдар.

а) Сенің атың кім?

ә) Бүгін ауа райы қандай?

б) Кітап сенікі?

в) Күн салқын ба?

3. Сөйлемнің жасалу жолын табыңдар:

Ы.Алтынсарин кім?

а) сұраулы есімдігі арқылы;

ә) сұраулық шылау арқылы;

б) көмекші сөз арқылы;

в) интонация арқылы.

4. «Бұл кім?» өлеңінің авторы?

а) Ы.Маманов;

ә) А.Құнанбайұлы;

б) Ы.Алтынсарин;

в) Қ.Ыдырысов.

5. Туыстық атауға жататын қатарды табыңдар:

а) ұста;

ә) мұғалім;

б) ұстаз;

в) нағашы.

#### **V. Үй тапсырмасын беру.**

Отбасы туралы мақал-мәтелдерді жаттау, үш-төрт сұраулы сөйлем құру.

#### **VI. Оқушылардың жауаптарын бағалау.**

#### **VII. Сабақтың аяқталуы.**

Гүлшат МЫРЗАХАТОВА,  
Алматы қаласындағы  
№117 жалпы білім  
беретін мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

**Мақсаты: білімділік** – Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен өлеңдеріне тоқталу, мағлұмат беру, Ыбырай өлеңдерінің мағынасын біліп-үйренуге талпындыра отырып, жатқа айтқызу; **дамытушылық** – оқушылардың сөздік қорын молайту, еркін сөйлеуге қабілетін арттыру; **тәрбиелік** – оқушыларға Ыбырай өлеңдерін түсіндіре отырып, жаман мен жақсыны, еңбек пен жалқаулықты ажырата білуге тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа сабақ. **Әдісі:** түсіндірме, сұрақ-жауап, ойын ойнату. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, үлестірмелі қағаздар, Ыбырай Алтынсариннің суреті, Ыбырай Алтынсариннің бұрышы.

**Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру бөлімі:**

Сәлемдесіп, ҚР әнұранын орындау. Оқушылардың сабаққа даярлығын тексеріп, түгелдеу.

**Жаңа сабаққа өту:**

«Кел, балалар, оқылық» өлеңін тыңдау.

- Балалар, сендерге өлең ұнады ма?

- Әрине, өте тамаша өлең.

- Бұл керемет өлеңді кім жазған?

**Ендеше, сөзжұмбақ шешіп көрейік:**

Күн шілде айында қандай болады? (Ыстық)


Қазақтың ұлы ақыны. (Абай)

Қыстағы ауа райы. (Суық)

Шағатын жәндік. (Ара)

Қазақстанның астанасы. (Астана)

Бұлбұлдар не істейді? (сайрайды)



Сонымен, табылған сөзіміз «Ыбырай» болды. Олай болса, бүгінгі тақырыбымыз – қазақ халқының

аса көрнекті ағартушысы, педагог, жазушы, ауыз әдебиетін зерттеуші, этнограф.

Ы.Алтынсарин 1841 жылы Торғай облысының Қостанай уезіндегі Аманқарағай болысында, қазіргі Затобол ауданында туған.

Ата-анасынан ерте айырылған Ыбырай белгілі би, атасы Балқожаның тәрбиесінде болған. Ол өз бетінше оқып, білім алған. Ыбырайдың білім алуына атасы Балқожа бидің игі ықпалы, Шығыс зерттеушісі ғалым В.В.Григорьевтің де үлкен әсері болды. Ы.Алтынсарин орыс әдебиетін көп оқыды. Ол халыққа білім беруді арман етті, қазақ ауылдарында орысша қазақша мектеп ашты.

#### Тақтада берілген сөздерді толықтыру:

Ыбырай..... дүниеге келді. Ол..... тәрбиесінде болған. Оның бірінші өлеңі ... 1879 жылы..... деген кітап жазды. Ыбырай ата-анасынан..... айырылған.

Интерактивті тақтадан слайд көрсету:



- Енді, осы естіген, көргендерің бойынша сұраққа жауап беріндер:

#### Сабақты бекіту:

*Ыбырай Алтынсарин кім?*

*Ыбырай қай жерде дүниеге келген?*

*Оны кім тәрбиеледі?*

*Оның қандай өлеңдерін білесіңдер?*

*Ыбырай нені арман етті?*

*Ол қазақ ауылдарында не ашты?*

#### Рефлексия

(Сабақ жөнінде өз ойын үлгі бойынша айта білуге үйрету)

*Мен бүгін..... білдім.*

*Маған ... .. қызық болды.*

*Мен ... .. жұмыс істедім.*

*Мен ... .. айта, жаза аламын.*

*Келесі сабаққа ... .. тырысамын.*

**Үйге тапсырма:** тірек-сызба арқылы Ыбырай Алтынсарин өмірі туралы әңгімелеу, өздеріңе ұнайтын өлеңін немесе әңгімесін оқу.

Ақжанат НАҚЫПОВА,  
 №250 мектеп-лицейдің  
 қазақ тілі мен әдебиеті  
 пәнінің мұғалімі.  
 Қызылорда облысы,  
 Қармақшы ауданы.

## ӨЗІМ ТУРАЛЫ

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** *білімділік* – фонетикалық талдау жұмыстарын жүргізу. Өзі туралы әңгімелеп айта білуге үйрету; *дамытушылық* – оқушылардың ой-өрісін, өзіндік жұмыс жасай білу қабілеттерін, жеке қасиеттерін дамыту; *тәрбиелік* – бір-бірінің пікірін тыңдауға, бірін-бірі бағалай білуге тәрбиелеу, оқушыларды қазақ тілінде ауызша дұрыс сөйлей білуге тәрбиелеу.

**Түні:** жаңа білімді игерту. **Әдістері:** «Ой қозғау», «Стикердегі диалог», «Тыңдап отырған үштік». **Формасы:** ұжымдық, топтық, жеке. **Сабақта қолданылатын құрал-жабдықтар:** интербелсенді тақта, суреттер, кесте, үлестірме плакаттар. **Күтілетін нәтиже:** фонетикалық талдау жұмыстарын жүргізеді. Өзі туралы әңгімелеп айтуға үйренеді.

Сабақтың технологиялық картасы.

Кезең	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Мақсаты	Әдістер	Бағалау	Уақыт
Кіріспе.	а) Ұйымдастыру, оқушылар көңіл күйін байқау. ә) Топтастыру.  б) Үй тапсырмасын сұрау.	Қолайлы психологиялық ахуал тудыру. «Үнсіз сыйлық сыйлау» ойынын ойнау. Математикалық фигураларды таңдау арқылы сыни тұрғыдан ойлау, өткен тақырыпты білу.	Психологиялық ахуалды жақсарту.  Оқушыларды 3 топқа бөлу.  Оқушының білуін тексеру.	Сұрақ-жауап.  «Стикердегі диалог».	Сау-сақ пен бағалау.	10 мин.
Тұсау-кесер.	Оқушыларды ойландырып, іздендіретін мәселе туғызу, оқушылардың белсенділігін арттыру.	Оқушылар сыни тұрғыдан ойлап, ойлау шешімге келіп, ой түйеді.	Топта бірлесіп жұмыс жасап, ой алмасады.	«Ой қозғау».		5 мин.
Негізгі бөлім.	а) АКТ қолдану арқылы жаңа білімді игерту. ә) Оқушыларға тапсырмалар топтама-сын беріп, тапсырмаларды орындауына жағдай туғызу, қызығушылығын ояту. Б) Деңгейлік тапсырмаларды ұсынып,	Оқушылар ізденеді, өз бетінше тапсырмалар орындап, оны қорытындылай біледі.	Оқулықпен, қосымша ақпараттармен, дәптермен жұмыс.	Жұптық әңгіме.	Көңіл-күй арқылы.  Сау-сақ арқылы бағалау.	20 мин.

	жеке жұмысты ұйымдастыру.					
Қорытынды.	Оқушылардың осы сабақта не алғанын анықтайды.	Рөлдерде ойнау арқылы сабақтан түсінгенін айтады.	Алған білімінің нәтижесін көрсетеді.	Тыңдап отырған үштік.	Бағдаршам.	10 мин.

Сабақтың барысы:

### I. Кіріспе:

а) Ұйымдастыру.

Сәлемдесу, шаттық шеңберін құрып, бір-біріне үнсіз сыйлық сыйлайды.

Ә) Топқа бөлу.

Математикалық фигуралар таңдау арқылы 3 топқа бөлінеді.

Мұғалім:

- Балалар, үстелдеріңнің үстінде сұрақ жазылған ақ қағаз бар. Сұрақ бойынша ойларыңмен бөлісіп, талқылап, стикерге өз ойларыңды жазып жапсырыңдар. Саусақ арқылы бағалау.

Тұсаукесер.

мен

Ассоциация әдісі.

Әр оқушы өзі туралы жазады (4-5 оқушы оқиды).

Көңіл-күй арқылы бағалау.

### Негізгі бөлім.

АКТ арқылы танысу кестесін ұсынамын, жұптық әңгіме жүргіземін. Бір-біріне өздері туралы айтып береді. Көңіл-күй арқылы бағалайды.

Оқушылардың түсінгендерін 2-тапсырма арқылы байқау. Көп нүктенің орынына керекті сөздерді қойып, өзі туралы мәліметті толықтырып айтады.

Грамматикалық тапсырмалар орындау.

Оқулықтағы II деңгей тапсырмасы топтарға бөлініп беріледі.

1-топ. Бүгін

сынып

2-топ. Есім

даңғыл

3-топ. Оқушы

көше

Сөздерден дауысты, дауыссыз дыбыс түрлерін тауып, сөздерді буынға бөліп, буын түрлеріне ажыратады. Саусақ арқылы бағалау.

**Тақырыпты қорыту** мақсатында «Тыңдап отырған үштік» ойыны ойналады.

Сандар арқылы үштен бөлемін. Математикалық фигуралардың артында шешен, тілші, хатшы сөздері жазылған. Шешен бүгінгі өткен тақырып бойынша түсінгенін айтады, тілші көмектесіп отырады, хатшы керек жерін жазады. Әңгіме соңында хатшы түсініктеме береді. Бағдаршам арқылы бағаланады.

«Өзіңді кімге немесе неге теңер едің?» деген тақырыпқа сурет салу, түсініктеме беру.

**Үйге тапсырма:** I деңгей, 1-тапсырма.

Айнұр ІЛЫТАЕВА,  
Алматы қаласындағы  
«Тұран» мектеп-лицейінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ. «МЕНИҢ АТЫМ ҚОЖА»

(8-сынып)

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – оқушыларға жазушының әлемге танылған әйгілі шығармасы туралы білім беру, толықтыру; жаңа сөздер, сөз тіркестер меңгерту, мәтіндегі негізгі ойды, идеяны ұғындыру; тұйық етістік туралы білімдерін тереңдету; **дамытушылық** – ойларын жүйелей білуге дағдыландыру, сауатты сөйлеу, жазу, салыстыру, баяндау, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру, мәтінмен жұмыс істеу, көркем шығармаға әдеби талдау дағдыларын дамыту, шығармашылықтарын арттыру; **тәрбиелік** – оқушыларды адамгершілікке, әдебиетті сүйуге, кейіпкерлер бойындағы жақсы қасиеттерден үлгі-өнеге алуға шақыру; жағымсыз қасиеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, тыңдау, түсіндіру, көрсету, жаздырту, әңгімелеу, мәнерлеп оқу. **Көрнекілігі:** оқулық, интерактивті тақта. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет.

**Сабақтың барысы.**

### I. Ұйымдастыру кезеңі:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар?!
- Сыныпта кім жоқ?
- Бүгін аптаның қай күні, нешесі?
- Үйге қандай үй тапсырма берілді?  
(146-бет, 2-тапсырма)

Берілген сөйлемдерге сұрақтар құраңдар.

1. Б.Соқпақбаев 1924 жылы Алматы облысы Кеген ауданы Қостөбе ауылында туған.
2. Ата-анасынан ерте айырылып, туыстарының қолында өмір сүреді.
3. Кеңес армиясы қатарында қызмет етеді.
4. Ауылдық жерде мұғалім болды.
5. Қазақ педагогикалық институтының филология факультетін бітірді.
6. 1955-1957 жылдары Мәскеудегі жоғары әдеби курста оқиды.
7. Ол балалар жазушысы.
8. Оның повестері: «Менің атым Қожа», «Жекпе-жек», «Балалық шаққа саяхат», «Аяжан».

II. Үй жұмысын тексеру: оқушылардың сұрақтарын тексеру, тыңдау, бағалау.

Жаңа сабақтың мақсатымен таныстыру:

Бүгін сабағымызда Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасы туралы сөйлесеміз, қосымша ақпарат аламыз. Жаңа сөздер мен сөз тіркестерді меңгереміз, тұйық етістік бойынша ауызша және жазбаша жаттығамыз.



Жаңа тақырыпты түсіндіру: Бердібек Соқпақбаев «Менің атым Қожа». Тұйық етістік.

1. Сөздікпен жұмыс:

*белес – достижение;*

*әуелгі аты – изначальное название;*

*жуас – робкий;*

*жиынтық образ – собирательный образ;*

*ұқсаңқырайды – похож;*

*баян етеді – повествует.*

(Жаңа сөздерді оқытқызу, ауызша сөз тіркес немесе сөйлем құратқызу, сөздік дәптерлеріне жазғызу).

2. Мәтінмен жұмыс. Дәптерде жұмыс жасау.

А) Мәтіннің мазмұнын 2 топқа бөліп беру, мазмұнын кестеге түсіру, кесте бойынша мазмұнын айту.

Ә) Мәтіннен етістіктерді тауып, тұйық етістікке айналдыру. Дәптерлеріне жазғызу.

Бердібек Соқпақбаевтың балаларға арналған айтулы шығармаларының бірі – «Менің атым Қожа» атты повесі. Бұл – қазақ балалар әдебиетінде үлкен бір белес болған шығарма. Жазушының бұл шығармасы көп тілге аударылды, осы шығарманың желісімен түсірілген кинофильм де жұртшылықтан жақсы баға алды. «Менің атым Қожа» повесі жұртқа көбірек танылған. Бұл шығарманың әуелгі аты – «Өзім туралы повесть». Қожа кім? Өмірде болған ба? Бұл кітап нақтылы біреу туралы, соның іс-қылығы туралы жазылған ба? Жоқ, жиынтық образ.

Бердібек Соқпақбаев оқыған Нарынқол орта мектебінде Қожа атты бала болған. Оны барлығы Қара Қожа дейтін. Бірақ ол жуас болатын. Қожаның мінезі автордың өзіне ұқсаңқырайды. Повестегі барлық оқиға Қожаның өз атымен сөйленеді, өзінің бастан кешкендерін өз достарына баян етеді. Әр тараудың атын қысқаша түсініктеме сөйлемдер арқылы беріп отырған. Жиырма жеті тараудан тұратын повесть бастан-аяқ юморлық стильде жазылған. Сондықтан әрі көңілді, әрі жеңіл оқылады.

«Х (беймәлім) ақпарат» тапсырмасын орындау. Тапсырма шарттары: Берілген ақпаратты сегіз дана түрінде жасау. Әрбір кәртішкеде бір ғана сұраққа жауап берілген ақпарат болу керек. Жұппен жұмыс жасау арқылы ақпарат іздеу керек. Жұптарын ауыстыра отырып, сұрап ақпаратты іздестіру.

Алғашқы бітірген оқушыдан ақпаратпен толтыруға үлгермегендер сұрақ қоя ақпарат алады.

«Менің атым Қожа» «Менің атым Қожа» киносы қай тілде түсірілген? орыс тілінде «Менің атым Қожа» фильмінің жанры қандай? отбасылық комедия <b>Фильмді түсірген режиссер кім?</b> Абдолла Қарсақбаев <b>Фильм қай жылы қандай қалада жүлдеге ие болды?</b> <i>1967 жылы Францияның Канны қаласында</i> <b>Фильм қандай фестивалде жүлдеге ие болды?</b>	«Менің атым Қожа» «Менің атым Қожа» киносы қай тілде түсірілген? ..... «Менің атым Қожа» фильмінің жанры қандай? ..... Фильмді түсірген режиссер кім? ..... <b>Фильм қай жылы қандай қалада жүлдеге ие болды?</b> .....
--	---

<p><b>Халықаралық балалар және жасөспірімдер фильмдер фестивалінде</b>  «Менің атым Қожа» фильмінің жарыққа шыққанына қанша жыл?  Елу жыл  Қожаның рөлін ойнаған кім?  Нұрлан Сегізбаев  Жанардың рөлін ойнаған кім?  Гүлнар Қарабаева</p>	<p><b>Фильм қандай фестивальде жүлдеге ие болды?</b>  .....  «Менің атым Қожа» фильмінің жарыққа шыққанына қанша жыл?  .....  Қожаның рөлін ойнаған кім?  .....  Жанардың рөлін ойнаған кім?  Гүлнар Қарабаева</p>
--	--

4. Аутентикалық материалмен жұмыс жүргізу. «Таңшолпан» бағдарламасынан берілген қазақ киносындағы бала актерлер туралы 8 қаңтар 2014 жылы көрсетілген видео ақпаратты көрсету, бес сұрақтан тұратын тест тарату. Оқушылар толтырады, тексеру жұмысын жүргізу.

Аутентикалық материал бойынша тест сұрақтары.

**1. «Менің атым Қожа» кинофильмі Абдолла Қарсақбаевтың нешінші туындысы?**

- А) алғашқы;
- Ә) аудармалы;
- Б) соңғы.

**2. Фильмдегі кішкентай Дәулетті ойнаған баланың қазіргі мамандығы?**

- А) режиссер;
- Ә) дәрігер;
- Б) әртіс.

**3. Кинода кішкентай Дәулетке берілген тиын нешінші жылға дейін жарамды болған?**

- А) 1964 ж.;
- Ә) 1963 ж.;
- Б) 1961 ж.

**4. Дәулетті ойнаған баланың ұлты?**

- А) дүнген;
- Ә) қазақ;
- Б) қырғыз.

**5. «Менің атым Қожа» кинофильмінде ойнаған балалар неше жылдан кейін кездесті?**

- А) елу алты жылдан кейін;
- Ә) елу жылдан кейін;
- Б) елу бес жылдан кейін.

5. «Менің атым Қожа» фильм актерлері туралы қосымша мәліметтер беру.

**Сабақты қорыту:** Сұрақ-жауап арқылы сабақты бекіту.

**Үйге тапсырмасы:** оқушыларға тапсырманың мақсатын, мазмұнын, орындау тәсілдерін түсіндіру.

Жаңа сөздерді жаттау. «Менің атым .....» Өз есімдерінің қандай мағына беретінін, кім қойғанын жазып келу.

**Сабақты бағалау кезеңі:** оқушылардың белсенділігін ескере бағалау.

Майра ЕЛКБАЕВА,  
Алматы қаласындағы  
№118 мектеп-гимназияның  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## АНА ТІЛІҢ – АРЫҢ БҰЛ

**Мақсаты:** 1) Ана тілі туралы жалпы мәлімет, түсінік беру, тарихта қалған ұлы адамдармен, билермен қысқаша таныстыру; 2) Тіл туралы мақал-мәтелдер, шешен сөздерге байланысты өлеңдер айтқызу, би билету, ән шырқату, оқушының танымдық деңгейін көтеру, ойлау белсенділігін, ой-өрісін, сөздік қорын молайту; 3) Достыққа, бірлікке, адамгершілікке тәрбиелеу. **Көрнекілігі:** дана адамдардың бейнелі суреттері, қағаздарға жазылған дана сөздері, мақал-мәтелдер, компьютер. **Түрі:** жарыс сабақ, топпен жұмыс.

### **Жүру барысы:**

**Мұғалім:** - Қайырлы күн, құрметті оқушылар!

22-қыркүйек Қазақстан халықтарының тілдер күні. Тіл адамды көкке көтереді, тіл арқылы ел бақытқа жетеді. Түрі, діні, тілі бөлек болғанымен, жүрегі Қазақстан-туған жерім, Отаным, қазақ тілі-мемлекеттік тіл деп түрлі ұлт өкілдері бір ауыздан жар салуда. Өйткені біздің ел «татулық, достықтың, бірліктің» киелі бесігі.

Бүгінгі тәрбие сағаты «Ана тілің – арың бұл» деп аталады. Әр халықтың өзінің тілі бар, сондықтан әр

адам алдымен өзінің ана тілін білуі, құрметтеуі керек, содан соң басқа ұлттың тілін біліп, құрметтеуі қажет. Өткен тарихқа бет бұрсақ, қазақ халқының сөзге шешен билері, ұлы, дана адамдар есімізге түседі.

Суретке қараймыз. Ұлы жүздің биі – Төле би.

Орта жүздің биі – Қазыбек би.

Кіші жүздің биі – Әйтеке би.

Абай – қазақ халқының ұлы ақыны.

Жамбыл – қазақ халқының жыршысы.

Осы дана адамдар, билер халықты бір ауыздан татулыққа, достыққа, бірлікке, әділдікке шақырған. Қазақ тілі – бізге дана адамдардан, ұрпақтан ұрпаққа жеткен мәдени мұра. Сондықтан біз, бүкіл Қазақстандықтар болып, қазақ тілін білуіміз, құрметтеуіміз керек.

Ал қазіргі заманда біз егеменді елміз. Біздің президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Қазақ халқы болып, президент боп, ата-бабамыздан қалған мұрамызды сақтап келгеніміз үшін, Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі болды.

Тәрбие сағатының мақсатымен таныстыру.

Түрі: жарыс сабақ, оқушылар қызыл-жасыл түс болып, екі топқа бөлінеді, берілген сұрақтарға жауап береді, мақал-мәтелдер, өлең, ән айтып, би билейді. Қай топ дұрыс жауап беріп, фишкаларды көп жинаса, сол топ жеңімпаз атанады.

Мен екі топқа арнап кәртішкелерді дайындадым, бұл сұрақтарға оқушылар жауап береді, 1 минут уақыт беремін. Сұрақтарды оқып, дұрыс жауап берулері керек.

- Сендер қай Республикада тұрасыңдар?

- Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз.
  - Қазақстан қандай мемлекет?
  - Қазақстан бай, үлкен, көп ұлтты мемлекет.
  - Қазақстанның президенті кім?
  - Н.Ә.Назарбаев.
  - Қазақстанның мемлекеттік тілі қандай?
  - Қазақ тілі.
  - Қазақ тілі қай халықтың ана тілі?
  - Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі.
  - Қазақстанда қандай ұлттар тұрады?
  - Қазақ, орыс, украин, түрік, кәріс, т.б. тұрады.
  - Біздің сыныпта қандай ұлттар оқиды?
  - Орыс, қазақ, ұйғыр, татарлар оқиды.
8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін ата.
- Ту, елтаңба, әнұран.
  - Сенің ұлтың кім?
  - Ұйғыр.
  - Ана тілің қандай?
  - Ұйғыр тілі.
  - Балалар, жарайсыңдар, сұрақтарға дұрыс жауап беріңдер.
  - Ал, енді, бәріміз әнұранды орындайық.
  - Балалар, Қазақстан халықтарының тілдер күніне арналған тақпақтарың бар ма?
1. Ең бірінші бақытым – халқым менің  
Соған берем ойымның алтын кенін,...  
Ал екінші бақытым, тілім менің,  
Тас жүректі тіліммен тілімдедім,  
Бақытым бар үшінші – Отан деген  
Құдай деген кім десе- Отан дер ем.

2. Ана тілің – арың бұл,  
Ұятың боп тұр бетте.  
Өзге тілдің бәрін біл  
Өз тіліңді құрметте.
3. Қазақ тілі – дана тіл  
Атаң, Анаң  
Қуат алар Отан да одан  
Дүниеде ешбір асыл  
Тең келмейді қатар оған.
4. Тіл – ырысың, өрісің де,  
Тіл көктегі ғажап күнің,  
Ғажап күнсің  
Мен үшін де,  
Бабам тілі – қазақ тілі.
5. Тіл ұстарту,  
Тіл сындыру –  
Сөз сиқырын  
Кілтін білу.  
Елмен елді елдестіру  
Естелікке ұмтылдыру.
6. Бар балғын, жас түлекті  
Ана өсірді, түрлетті.  
Ана тілін үйреніп  
Әр жүрекке гүл екті.
7. Сүйемін өз тілімді – анам тілін,  
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.  
Шыр етіп жерге түскен минутымнан,  
Құлағыма сіңірген таныс үнін.
8. Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,  
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.  
Мен оның қасиетті тілін сүйем,  
Мен оның құдіретті үнін сүйем.

9. Туған тілім – бабам тілі, өз тілім,  
Туған тілім – анам тілі, өз тілім.  
Туған тілім – данам тілі, өз тілім,  
Туған тілім – Адам тілі, өз тілім.

**Мұғалім:** - Жақсы, балалар, тақпақтарды жақсы айттыңдар. Ана тілі бізге ана сүті арқылы беріледі. Әрбір адамға туған анасы қандай қымбат, ыстық болса, туған тілін де солай қастерлеуі керек.

- Енді, «Әрқашан күн сөнбесін» әнін тындаңыздар.

- Балалар, енді мақал-мәтелдерді айтып жарысамыз.

1. Тілге әр күн мейрам.
2. Тіл сүйексіз, ақыл-түпсіз.
3. Тіл қылыштан өткір.
4. Тіл тікенді де алады.
5. Тіл – тәтті, көңіл – қатты.
6. Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады.
7. Шешеннің тілі – шебердің бізі.
8. Шешеннің тілі ортақ.
9. Тілге шешен,

Іске мешел.

**Мұғалім:** - Көріністерді көрейік.

Шешендік сөздерден халықтың бастан кешкен оқиғалары, ақыл-ойы, тілінің байлығы байқалады. Мысалы, мол шабындыққа таласып, жанжалдасып жатқан екі кісіні 8 жастағы бір бала жанжалды былай тоқтатыпты.

Өзімнің атым Күдері  
Ер Көшектің баласы  
Талассаң бағың кетеді,  
Таласпасаң нетеді?

Бірлік қылсаң ағалар,  
Анау тұрған шабындық.  
Баршаңызға жетеді.  
Дүние, шіркін, жалған ғой  
Бастарыңнан әлі-ақ өтеді.

- Екінші көріністе Қазыбек би жас бала күнінде қазақ-қалмақ арасындағы дауды былай тоқтатқан.

Жаңа үйреткен жас тұлпар  
Жарысқалы келгенмін!  
Танымайтын жаттарға  
Танысқалы келгенмін.  
Қазақ-қалмақ баласы  
Табысқалы келгенмін  
Табысуға көнбесең  
Тұрысатын жеріңді айт  
Сен – қобылан, мен – арыстан  
Алысқалы келгенмін.

- Енді, қазақ, ұйғыр, орыс, халықтарының билерін тамашалаңыздар.

- Ал, енді, жеңімпаз қай топ болды, фишкаларды санап көрейік.

Марапаттау.



**Жанат МАҒЗҰМОВА,**  
**№ 26 орта мектептің**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәнінің мұғалімі.**  
Қарағанды облысы,  
Осакаров ауданы,  
Молодежный кенті.

## **НАУРЫЗ АРУЫ**

- Құрметті ұстаздар, қонақтар, оқушылар!

Халқымыздың салт-дәстүрін үйреніп жүрген жас қыздарымызға арнап «Наурыз аруы» атты қыз сыны байқауын өткізгелі отырмыз. Біздің әдепті де әдемі қазақ қызына тән барлық қасиеттерді бойына сіңірген қыздарымызға ақ жол тілеп, байқауымызды ашуға рұқсат етіңіздер!

Бүгінгі сайысымыздың шарты:

1. Қазақ тілінде таза сөйлеу;
2. Ұлттық салт-дәстүрімізді білу;
3. Өнерлі болу;
4. Сәнді киім үлгісін көрсету;

Жүргізуші:

- Қыз сыны, қыз өнері, қыз әдебі,

Тал бойына жарасқан күлкі әдемі,

Бір көргенге болмай-ақ сахнада,

Өмірде сақталсыншы ұлт әдебі, - дей отырып,  
қыздарымызды ортаға шақырамыз.

Қыздарымызға үстелдегі номерлерді ұсынамыз.

Батам, батам батпасын,

Батам жерде жатпасын,- деп ортаға ақ жаулықты  
анамызды шақырамыз, аруларымызға сәттілік тілеп,  
ақ батасын берсін.

Сайысымыздың кезеңдерімен таныстырып өтейін:

1-кезең – Сәлем беру, танысу.

2-кезең – Ақыл-парасат.

3-кезең – Өнер сайысы.

4-кезең – Құрақ құрау.

5-кезең – Дәм думан.

6-кезең – Ептілігін көрсету.

7-кезең – Сән думан.

- Уа, ардақты көрермен қауым!

Бүгін біздер жарысайық

Өзгелермен бақ сынасып,

Белсенділік танытайық.

1-кезең – Сәлем беру, танысу.

2-кезең – Ақыл-парасат.

- «Қыз емес, қыздың аты – қызыл алтын,

Көрінер қызыл айдай жүзі жарқын.

Үлкеннің алдын орап, сөз сөйлемес,

Халқының сақтай білген ізгі салтын»,- дей келе,  
Ақыл-парасат сайысын бастайық. Онда қыздарымыз  
қоржыннан асық алып, сол асық нөміріндегі сұраққа  
жауап береді.

Сұрақтар:

1. Ұлттық аспап?

(домбыра)

2. Жүз жыл?

- (1 ғасыр)
3. Ең киелі құс?  
(аққу)
4. Бір аптада неше күн бар?  
(7 күн)
5. Бір жылда неше ай бар?  
(12 ай)
6. Ислам дінінің қасиетті кітабы?  
(Құран)
7. Сөз өнері сайысы?  
(Айтыс)
8. Тұңғыш ғарышкер?  
(Тоқтар Әубәкіров)
9. Қасиетті тағам?  
(нан)
10. Республика рәміздері?  
(Ту, Елтаңба, Әнұран)
11. Үш биді ата?  
(Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би)
12. Білім күні?  
(1-қыркүйек)
13. Ұлыстың ұлы күні?  
(Наурыз)
14. Ең суық мезгіл?  
(Қыс)
15. Наурыз көженің құрамын ата?  
(арпа, бидай, тары, ет, сүт, тұз, май)
16. Көктем мерекелерін ата?  
(8-наурыз, 22-наурыз, 1-мамыр, 7-мамыр, 9-мамыр)
17. Бір тәулікте неше сағат бар?

- (24 сағат)
18. «Кел, балалар, оқылық» өлеңінің авторы?  
(Ы.Алтынсарин)
19. Зат есімнің сұрақтары?  
(Кім? Не? Кімдер? Нелер?)
20. Төрт түлікті ата?  
(жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі)
21. Сынып жетекшің кім?  
(...)
22. Әнұранның авторы кім?  
(Ш.Қалдаяқов)
23. «Жоқ» сөзінің орысшасы?  
(нет)
24. Қыс айларын ата?  
(желтоқсан, қаңтар, ақпан)
25. Аналар мерекесі?  
(8-наурыз)
26. Қазақстанның туында не бейнеленген?  
(Күн, қыран, ою)
27. Отбасы мүшелерін ата?  
(ата, әже, әке, ана, аға, әпке, іні, сіңлі)
28. Адамның дене мүшелерін ата?  
(бас, қол, аяқ, иық, көз, ерін, ауыз, саусақ)
29. Қысқы киімдерді ата?  
(тон, пима, құлақшын, қолғап, етік, шарф)
30. Азық-түліктерді ата?  
(нан, шұжық, май, ірімшік, қант, ...)
31. Оқу құралдарын ата?  
(кітап, күнделік,...)

32. Үй құстарын ата?  
(үйрек, қаз, балапан, ....)
33. Үй жануарларын ата?  
(жылқы, қой, ешкі, ....)
34. Қазақ тілінде неше әріп бар?  
(42 әріп)
35. Қандай жабайы аңдарды білесің?  
(арыстан, жолбарыс, қоян, түлкі, ...)
36. Мектепте нелер бар?  
(кабинеттер, кітапхана, асхана, мұғалімдер бөлмесі, ...)
37. Қазақ тіліне тән дыбыстар нешеу?  
(10 дыбыс)
38. Көктемде не шығады?  
(бәйшешек)
39. Наурызда күн мен түн не істейді?  
(күн мен түн теңеледі)
40. Қазақ тілі кабинеті нешінші қабатта?  
(төртінші қабатта)
- 3-кезең – Өнер сайысы.  
Құлақтан кіріп, бойды алар  
Әсем ән мен тәтті күй  
Көңілге түрлі ой салар  
Әнді сүйсең менше сүй! – деп Абай атамыз айтқандай, ұлтымыздың қай дәстүрі болса да, өлеңмен, бимен ұштасып жатады. Қыздарымыз өз өнерлерін көрсетеді.
- 4-кезең – Құрақ құрау.  
- Өнер көкке жеткізер,  
Өнер болса қолыңда!  
Өнершінің ырысы –

Жарқырап жатар жолында,- дегендей, қыздарымыз қазір дайын оюлардан құрақ жасайды.

Ал, кімнің өнері бар қаншалықты,  
Би билеп, ал біреуі ән салыпты.  
Өнерлі өрге жүзер байқауында,  
Қол соғып, барша халық тамсаныпты.  
5-кезең – Дәм думан.

- «Ас – адамның арқауы» демекші, келесі сайысымыз – дәм думан. Аруларымыз үйден дайындап әкелген тамақ түрлерін әділ қазыларға ұсынып, оның құрамын айтады, яғни, еңбексүйгіш екендіктерін істерімен дәлелдейді.

6-кезең – Ептілігін көрсету.

- Қолың ұста болсын, сөзің қысқы болсын!

Қыздар шай қасықпен жаңғақ тасиды, 1 ыдыстан 2 ыдысқа кім тез әрі түсірмей тасыса, соған ұпай қосылады.

7-кезең – Сән думан.

Қыздарға әсемдік жарасады,  
Ай-көркі биіктетер аласаны.

Болмаса ару қыз сұлу әйел  
Табынып, ер кімдермен санасады.

Арулар өз кезегімен сән үлгісін көрсетіп шығады.

Қорытынды. Осымен аруларымыз 7 кезеңнен өтіп, өздерінің бойларындағы қасиеттерін көрсетті.

- Көрсетті өнерлерін жаңа ғана  
Сыналып үлкендерден үлгі алуға  
Салты бар өнерлі осы ортада

Берер деп әділқазы әділ баға,- деп әділқазыға сөз береміз. Марапаттау.



**Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –  
Казахский язык и литература в русской школе” –**  
ай сайын шығатын республикалық  
ғылыми-педагогикалық журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:**

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді. **Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 04.12.2014 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 910. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

**Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,**

**Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: **Kazulagat@mail.ru**

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -  
Казахский язык и литература в русской школе»,  
№12, 2014 ж., 144 бет, Алматы.